



Президент Италия делегациясына ілтипат білдіре отырып, бүгінгі кездесу өзара мүддеге сай келетін екіжақты қатынастардың маңызды аспектілерін талқылау үшін оңтайлы мүмкіндік екенін айтты.

— Италияға былтырғы сапарымнан жақсы әсер алдым. Сіздің қонақжайлық танытып, нәтижелі келіссөз жүргізуге барынша жағдай жасағаныңыздың арқасында сапарым өте сәтті өтті. Екі мемлекет түрлі салада тығыз қарым-қатынас орнатқан. Біздің нарықта біраз италиялық компания жұмыс істейді. Олардың қатары қарқынды артып келеді. Мәдени-гуманитарлық байланыстарымыз да ойдағыдай дамып жатыр. Сондықтан елдеріміздің арасында берік ынтымақтастық қалыптасқан деп санаймын, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Италия Президенті құшақ жая қарсы алғаны үшін ризашылығын білдіріп, бұл кездесу екі ел арасындағы шынайы достықтың көрінісі екенін айтты. Сондай-ақ ол екіжақты қатынастардың қазіргі жағдайын жоғары бағалап, өзара стратегиялық серіктестікті кеңейтуге мол мүмкіндік бар екенін атап өтті.

— Біз шын мәнінде барлық бағытта, соның ішінде саяси, экономикалық, сауда және мәдени салаларда тамаша байланыс орнаттық, — деді Серджо Маттарелла.

Әңгімелесу барысында президенттер сауда-экономикалық және инвестициялық ынтымақтастықты дамыту перспективасын егжей-тегжейлі талқылады.

Мемлекет басшысы Италия Президенті Серджо Маттарелламен кездесті



Мемлекет басшысының айтуынша, Италия Қазақстанның басты сауда серіктестерінің арасында үшінші орын алады, сондай-ақ экономикамызға қаржы құйған бес ірі инвестордың қатарына кіреді. Өткен жылдың қорытындысы бойынша өзара сауда айналымы 20 миллиард долларға жуықтаған. Қазақстанда

кәсібін жүргізетін 250-ге тарта италиялық компания мұнай-газ, жаңартылатын энергия, машина жасау және ауыл шаруашылығы салаларының дамуына елеулі үлес қосып келеді.

Бұдан бөлек, мемлекеттер басшылары жаһандық күн тәртібіндегі өзекті мәселелер жөнінде пікір алмасты.

Наурызды мерекелеу аясында 240-қа жуық іс-шара өткізіледі



Жетісуда Наурызнама онкүндігін мерекелеу аясында облыс көлемінде 240-қа жуық түрлі іс-шаралар өткізу жоспарланған. Атап айтқанда, өңірде 5 мыңға жуық ағаш көшеттері отырғызылады, қайырымдылық және экологиялық акциялар, әлеуметтік марафондар өткізіледі, концерттер, спорттық жарыстар, көрмелер ұйымдастырылады, сол сияқты 60 отбасына жаңа үйлердің кілті беріледі. Бұл ретте отбасы институтын, ұлттық мәдени дәстүрлер мен құндылықтарды насихаттауға ерекше көңіл бөлінбек, - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының мәліметінше, Наурызнаманың жалпыұлттық онкүндігі аясында өңірдегі Наурыз мерекесі бүкіл елдегідей 14 наурызда «Көрісу – Амал мерекесімен» басталып, 23 наурыз «Тазару күнінде» ауқымды экологиялық акциямен түйінделеді.

«Жалпы өңірде биыл түрлі бағыттағы 234 іс-шара өткізіледі. Мысалы, Мәдениет және ұлттық дәстүр күні аясында Жетісу облысында алғаш рет бір мезгілде 300 баланың «тұсауын кесу» рәсімі атқарылады. «Шаңырақ» күнінде облыс орталығында 60 отбасы жаңа баспанаға ие болады. «Ұлттық киім күні»

Талдықорғанның орталық алаңында ұлттық киімдер шеруі, сондай-ақ М.Тынышбаев атындағы тарихи-өлкетану мұражайында «Кимешек» көрмесі ұйымдастырылады. Оған қоса жалпы облыс бойынша ұлттық киімді және оның пайда болу тарихын насихаттауға бағытталған түрлі чөллендждер, кездесулер өткізіледі. «Ынтымақ күні» мерекесі «Наурыз керуені» ауқымды шеруімен айшықталады. Наурыз мерекесінің кең көлемде, жалпай бұқаралық сипатта атап өтілетін күні - 22 наурыз. Бұл басты мереке Талдықорған қаласының «Жастар» саябағында мерекеленіп, биылғы жылдың мерейтойлық даталарына арналған тақырыптық көрмелер қойылған 20-дан астам киіз үй тігіледі», - делінген басқарманың хабарламасында.

Жалпы Наурыздың құрметіне мерекелік безендіруге ерекше көңіл бөлінбек. Мәселен, Талдықорған қаласының орталық алаңында «Алтыбақан» өткеншегі, киіз үй кейпінде ауқымды инсталляция орнатылады, сондай-ақ жарық шамдарымен безендіру жаңартылады. Жалпы Талдықорған қаласы, аудан орталықтары, өңірдің қалалары мен ауылдары Наурызды, көктем мезгілін бейнелейтін түрлі шағын сәулет нысандарымен, сондай-ақ мерекелік баннерлермен, жалаушалармен безендіреді. Сонымен қатар, көгалдандыру жұмыстары аясында биыл өңірде 120 мың көшет, оның ішінде Наурыз мерекесі күндері 5 мың көшет отырғызу жоспарланған.

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Наурызнама





Мерзімгі әскери қызметке шақырылушыларды іріктеу басталды

2025 жылғы 3 наурыз - 5 сәуір аралығында мерзімді әскери қызметке көктемгі шақырылым аясында ҚР МКҚ өкілдері барлық облыс орталықтары мен республикалық маңызы бар қалаларда үміткерлерді таңдау және зерделеу жүргізеді.

Үміткерлерге келесі талаптар қойылады: жасы 18-27 арасында, бойы 180 см-ден төмен емес, орта мектеп, колледж немесе университет бітірген, денсаулығы жақсы. Жоғары білімді, спорттық жетістіктері мен разряды бар шақырылушыларға басымдық беріледі.

ҚР МКҚ қатарына өткен шақырылушылар мерзімді қызметін Астана және Алматы қалаларындағы 0112 және 0111 әскери бөлімдерінде атқарады.

ҚР Мемлекеттік күзет қызметі қатарында мерзімді қызмет сарбаздары Қазақстан Республикасы Президентінің және басқа да күзетілетін адамдардың қауіпсіздігін қорғау, рәсімдік және протоколдық іс-шараларға қатысу, ҚР Мемлекеттік Туы мен ҚР Мемлекеттік Елтаңбасы эталондарын күзету секілді айрықша міндеттерді атқарады.

ҚР МКҚ әскери бөлімдерінде мерзімді қызмет атқару барысында жас сарбаздар тәжірибелі нұсқаушылық құрамның жетекшілігімен әскери іске үйренеді, жауынгерлік және арнайы даярлық сабақтарында әскери мамандықтарды меңгереді.

ҚР МКҚ мерзімді қызмет сарбаздарының әрі қарай кадрлық тұрғыдан өсуге мүмкіндігі бар. Мерзімді қызмет аяқталған соң олар өз қалауы бойынша келісімшарт бойынша әскери қызметті жалғастыра алады, одан әрі арнаулы мемлекеттік органның қызметкері және офицері болып, күзетілетін адамдар мен объектілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша міндеттерді атқара алады.

ҚР МКҚ мерзімді қызмет сарбаздары үшін Қазақстан Республикасында мерзімді әскери қызмет атқарған азаматтарды әлеуметтік қолдау бойынша белгіленген барлық жеңілдіктер қолданылады.

Барлық қосымша сұрақтар бойынша +7 707 648 1053 телефон нөмірі бойынша хабарласуға болады.

•Спорт

Женская волейбольная команда «Жетісу» стала 9-кратным чемпионом Казахстана



В Усть-Каменогорске завершился XXXIII чемпионат Казахстана по волейболу среди женских команд, в финале победу одержала ПВК «Жетісу», опередившая команду «Берел» Восточно-Казахстанской области. Таким образом, команда «Жетісу» в сезоне 2024-2025 гг. одержала третью победу, то есть выиграв чемпионат и Кубок РК в девятый раз, а Суперкубок в четвертый раз. Благодаря победе в Суперкубке команда получила путевку на Чемпионат Азии по волейболу среди клубных команд, которые пройдут на Филиппинах 18-28 апреля, - сообщает пресс-служба акима области Жетісу.

Напомним, игры плей-офф 33-го чемпионата Казахстана по волейболу среди женских команд Национальной лиги стартовали 1 марта в Усть-Каменогорске. 6-7 марта команда «Жетісу», дважды обыграла «Туран», вышла в финал, затем провела три игры с командой «Берел». И в сегодняшней решающей игре со счетом 3:1 команда «Жетісу» завоевала золото, став 9-ти кратным чемпионом Чемпионата страны. По итогам чемпионата из ко-

манды «Жетісу» в индивидуальных номинациях лучшей связующей стала Дарья Шаргородская, лучшим либеро – Мадина Бекет, а лучшим игроком турнира признали Карина Денисова.

Подводя итоги сегодняшней игры, впечатлениями поделился и главный тренер команды «Жетісу» Марк Гршич, который, поздравив команду с победой, отметил:

- Игрокам в первую очередь огромная благодарность. После вчерашней игры было нелегко. Но девочки смогли, показали свой профессионализм и выносливость. Очень помогли наши болельщики, им спасибо за поддержку. Можно с гордостью сказать, что этот сезон – сезон команды «Жетісу», - сказал главный тренер.

К слову, с прошлого года в Талдықоргане действует современный волейбольный центр для профессионального волейбольного клуба «Жетісу», где тренируются основные составы мужской, женской команд клуба и молодежный дубль-состав.

Пресс-служба акима области Жетісу.

Қазіргі таңда қоғам алдындағы өзекті мәселелердің бірі - сыбайлас жемқорлық екені анық. Жалпы сыбайлас жемқорлық ел болашағына, ұлттық қауіпсіздікке үлкен зиянын тигізеді. Яғни, осы келеңсіз құбылыспен күресу барша халықтың алдында тұрған ортақ мәселе екені айқын.

КЕЛЕҢСІЗ ҚҰБЫЛЫСПЕН КҮРЕСУ - ОРТАҚ МІНДЕТІМІЗ

Осы орайда аудан аумағында сыбайлас жемқорлықтың алдын алуда бірқатар шаралар атқарылып жатыр. Атап айтқанда Сарқан ауданы әкімдігінің жанында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі ведомствоаралық комиссиясы құрылып, комиссияның жұмыс жоспары бекітілген болатын.

Адалдық пен парасаттылық қағидаттарын нығайту мақсатында «Парасаттылық пен адалдық – сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың басты бағыттары» атты акциясы аясында Сарқан ауданы бойынша іс-шаралар жоспары құрылып, жоспар аясында түрлі деңгейде 48 іс-шара өткізілді. Атап айтсақ, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында заңнама талаптарын сақтаудың маңыздылығы туралы 7 дөңгелек үстел, ауылдық округ әкімдерімен 8 семинар, мемлекеттік қызметшілермен 12 семинар өткізілді. Сонымен қатар, 97 мемлекеттік қызметшілер арасында сауалнама өткізілді. 2024 жылы 30 мамыр күні ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің тапсырмасымен «Халық заңгері» жалпы республикалық акциясы өткізіліп, заңгерлер заң аясында халыққа түсіндіру жұмыстарын жүргізді.

Жыл сайынғы сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне объективтілік, сенімділік, айқындық, жан-жақтылық қағидаттарына ішкі талдау жүргізіледі.

Аудан бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы 27 билборд ілініп, әр мемлекеттік мекемелердің қабырғаларында «Пара беру бостандықтан айырады және бұлыңғыр болашақ» тақырыбында 98 плакат ілінді.

Өңірдегі мемлекеттік қызметшілердің адалдық пен парасаттылық қағидаларын ұстануы бойынша пікірін көрсететін халықпен, жастармен, ардагерлермен, мәдени қызметкерлермен 2 әлеуметтік интервью жазылып, 8 видеоролик әлеуметтік желіге шығарылды (sarqan_zan_bolimi, sarkan_akimdigi, Sarkan_insta).

Кез келген мәселеде оқиғаның салдарымен күрескеннен гөрі оның алдын алу әлдеқайда тиімді. Осы орайда ағарту, ақпараттық түсіндіру жұмыстарының нәтижесі әрқашан тиімді саналады. Сол себепті оқу орындарында, әлеуметтік нысандарда үнемі сыбайлас жемқорлыққа қарсы дөңгелек үстелдер, акциялар, түсіндіру жұмыстары жүргізіліп тұрады.

Қорытындылай келе, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, көзделген мақсаттарға қол жеткізу үшін жұмыстың орындалуы тұрақты бақылауда екенін атап өткім келеді.

Ғ.МАМАНБАЕВ,
Сарқан ауданының әкімі.

Жеміс ағаштарын аурулардан қорғайық

Ауданымыздың өсімдік шаруашылығы ішінде бірден-бір маңызды болып саналатын сала алма-бақ шаруашылығы. Кейінгі жылдары ауданымыздың шаруа қожалықтары және жеке меншік аулаларда аудандастырылған жеміс ағаштарының көшеттері отырғызылып жатыр.

Жоғарғы сапалы мол өнім алу, оны ұзақ уақыттар бойы сақтау үшін өсімдік ауруларын алдын алу маңызды мәселе. Қазіргі уақытта жеміс ағаштарында ақ ұнтақ, таз қотыр, цитоспороз, жеміс шірігі, фитофтороз аурулары көп кездеседі. Бұл аурулардың таралуына ылғалдың мол болуы, жауын-шашынның жиі жаууы, күндіз ыстық, түнде салқын, таңертеңгі уақытта шықтың түсуі қолайлы әсерін тигізеді.

Ауданымызда жеміс ағаштарының ауруларының ішінде көп кездесетіні: Жеміс шірігі, Монилиоз-Бұл ауруды Алма мен Алмұрттың жеміс шірігі Monilia fructigena саңырауқұлағы тудырады. Ауру жемістің солуымен, шіріуімен сипатталады. Әсіресе аурудың жаппай таралуы жаз айының екінші жартысында байқалады. Жеміс шірігін тудыратын саңырауқұлақтар өсімдік механикалық зақымданғанда ұлпасына өтіп дамиды. Жемісте алдымен дөңгелек қоңырқай сұр дақтар пайда болады. Жеміс шірігі 1-2 аптаның ішінде бүкіл жемісті қамтиды. Қарайған жемістері кейде жерге түспей ағаш басында қалып қояды. Ауа-райы ылғалды кезде ауруға шалдыққан жемісте ауру қоздырғышының мицелиасы мен спораларынан тұратын, шеңбер бойына орналасқан сарғылт күлгін түсті өңез пайда болады. Бұл жеміс шірігінің ауруы басқа жеміс шіріктерінен негізгі айырмашылығы. Сонымен қатар жеміс шірігі сүйек жемісті дақылдарында кең таралған. Сүйек жемісті дақылдардың жеміс шірігі (қоздырғышы Monilia cinerea)-өрік, шабдалы, алхоры, шиелердің зиянды ауруы. Алма мен алмұрт жемістерінде ауру қоздырғыштары болған жағдайда жемістер ойыс шірікке жиі шалдығады. Бұл кезде жемісте кішкене дөңгелек ойыс дақтар пайда болады. Жеміс дәмі жағымсыз болып, жеуге жарамайды. Сонымен қатар жемістер бактериялар қоздыратын сулы шірікке шалдығып, жеміс шіріп, қоймалжың шірікке айналады. Көбінесе ойпаң, жел бармайтын жерлерде, тығыз отырғызылған бау-бақша ағаштары ауруға көп шалдығады. Ауру қоздырғыштары ағаш басында қалған немесе жерге түскен ауру жемісте сақталады. Сондықтан күзде кепкен, ауырған бұтақтарын кесіп, ағаш басында қалған ауру жемістерін түсіріп өртеп немесе көміп тастау қажет және ерте көктемде химиялық препараттармен өңдеу жұмыстарын алма ағашы гүлдегенге дейін жүргізу керек.

Қазақстан Республикасында рұқсат етілген химиялық препараттарды қолдануды ұсынамыз.

Д. ҚЫДЫРОВ,
ҚР АШМ АӨК МИК «РФДжБӨО» РММ Сарқан аудандық филиалының фитопатологы.

Мемлекеттік қызметшілердің құқықтарын қорғау және қалпына келтіру

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің тапсырмасына сәйкес, Агенттіктің Жетісу облысы бойынша департаментімен мемлекеттік органдардың қызметшілеріне еңбек демалысын беру мен іссапар шығындарын төлеу талаптарының және мемлекеттік әкімшілік қызметшілердің сыйақы алу кезіндегі құқықтарының сақталуына тұрақты түрде талдау жүргізілуде.

«Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 57-бабының 1-тармағына сәйкес, Мемлекеттік қызметшілерге Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын төртіппен қызметтік іссапарларға, оның ішінде шет мемлекеттерге іссапарға баруға арналған шығыстары өтеледі.

Мемлекеттік қызметшілерге және мемлекеттік органдардағы келісім-шарттық қызметшілерге іссапарда болған уақытына тәулікақы алуға, межелі жерге жету және кері қайту үшін жүріп-тұру шығыстарына, тұрғын үй-жай жалдау шығыстарына Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген кепілдіктер мен құқық қолданылады.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 11 мамырдағы №256 қаулысымен бекітілген Бюджет қаражаты есебінен қызметтік іссапарларға, оның ішінде шет мемлекеттерге қызметтік іссапарларға арналған шығыстарды өтеу қағидаларының 3-тармағының 1), 2) және

5) тармақшаларына сәйкес, іссапарда жүрген мемлекеттік қызметшілерге тәулікақы, тұрғын үй-жайды жалдау және жол жүру шығыстары өтеледі.

Бұл ретте, Департаментпен жүргізілген талдау барысында кейбір жергілікті атқарушы органдарымен 174 мемлекеттік қызметшіге қызметтік іссапарларға арналған шығыстарының өтелуі толық көлемде жүргізілмегендігі анықталды.

Нәтижесінде мемлекеттік органдарға жоғарыда орын алған бұзушылықтарды жою және мемлекеттік қызметшілердің қызметтік іссапарларда болу кезеңіндегі тиісті шығыстарының өтелуін қамтамасыз ету мақсатында Департаментпен енгізілген ұсынымдардың негізінде 174 мемлекеттік қызметшінің бұзылған құқықтары қалпына келтіріліп, 850000-ға жуық теңге көлемінде іссапар шығындары төленді. Осылайша, жүргізілген талдау көрсеткендей кейбір мемлекеттік органдардың тарапынан мемлекеттік қызметшілердің Заңда көзделген құқықтарының тиісті дәрежеде сақталмау фактілері әлі де орын алуда және талдау қорытындысымен мемлекеттік қызметшілердің әлеуметтік кепілдіктеріне қатысты бірқатар бұзушылықтарға жол берілгендігі анықталды.

Жоғарыда аталған заңбұзушылықтардың алдағы уақытта алдын алу, оларға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою мақсатында ағымдағы жылдың ақпан айында Қазақстан Республикасы

Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Жетісу облысындағы Әдеп жөніндегі кеңесінің отырысында қарастырылып, мемлекеттік органдарға тиісті іс - шаралар қабылдай отырып, басшы тарапынан қатаң бақылауға алу қажеттілігі туралы ұсынымдар енгізілді.

Әдеп жөніндегі кеңестің отырыстарында мемлекеттік қызметшілердің құқықтары мен мүдделерін қорғау мәселесі алдыңғы қатарда. Мемлекеттік қызметшілердің жұмыс әрекеттері тиімді ғана емес, сонымен қатар заңды болуы керек. Басшылар тарапынан заң нормаларын сақтамай қабылданған шешімдер мемлекеттік қызметшілердің құқықтарының бұзылуына әкеледі, бұл өз кезегінде жалпы мемлекеттік органға деген сенімге нұқсан келтіреді.

Аталған бағыттағы жұмыстарды нәтижелі жүзеге асыру айрықша маңызды. Мемлекеттік қызметшілердің құқықтарын қалпына келтіру және қорғау жөніндегі жұмысы мемлекеттік органдарға деген сенімді нығайтуға, көрсетілетін қызметтердің сапасын арттыруға және мемлекеттік қызметшілердің кәсіби қызметі үшін қолайлы жағдайлар жасауға ықпал етеді.

Қ. МАНАП,
Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Жетісу облысы бойынша департаментінің басшысы, Әдеп жөніндегі кеңестің төрағасы.

Аудан тұрғындарының назарына

Құқықтық статистика органдарымен көрсетілетін мемлекеттік қызмет алу тәртібіндегі оң өзгерістер енгізілгенін хабарлайды.

Құқықтық статистика органдарымен мемлекеттік қызметтің 3 түрі көрсетіледі: соттылықтың болуы туралы анықтама, мұрағаттық анықтама және прокуратура органдарынан, тергеу және анықтау органдарынан шығатын ресми құжаттарға апостиль қою туралы анықтама беру.

Мемлекет Басшысының мемлекеттік қызметті электрондық форматқа көшіру бойынша тапсырмасын іске асыру шеңберінде Комитет мемлекеттік қызметтің үш түрін автоматтандыру және оңтайландыру жөнінде бірқатар іс-шаралар жүргізді.

Сонымен, "Соттылықтың болуы немесе болмауы туралы анықтама беру" мемлекеттік қызмет толық автоматтандырылды.

Құжаттарды қабылдау және мемлекеттік қызметтерді көрсету нәтижесін беру www.egov.kz «Электрондық үкімет» веб-порталы (әрі қарай – портал) арқылы альтернативті түрде де, сонымен бірге анықтаманы қағаз үлгісінде алу қажет болған жағдайда Мемлекеттік корпорация арқылы жүзеге асырылады.

Сонымен бірге, қызметтерді оңтайландыру шеңберінде азаматтарға жылжымалы жүйенің абоненттік қондырғысы арқылы, яғни egov.kz порталының мобильдік қосымшасы арқылы электрондық анықтама алу мүмкіндігі берілген.

Азаматтарға арналған жаңа енгізулердің бірі Мемлекеттік корпорация филиалының мекенжайын таңдаумен шетелге шығу үшін анықтама алуға электрондық сұрау беру мүмкіндігі болып табылады, ол жерде қағаз түрінде жауап алуға болады. Бұрындары Мемлекеттік корпорацияға міндетті бара отыра қағаз вариантты ғана жіберу мүмкін болатын.

Электрондық анықтаманы «Egov-KzBot» Telegram-бот көмегімен алуға болады.

Анықтама алу үшін «Мобильді аза-

маттар базасына» (МАЗ) тіркелу қажет. Бұл үшін egov.kz порталында Жеке кабинетке өзінің деректерін енгізу қажет.

Анықтама алу үшін Telegram мессенджерді көшіру керек, «Egov-KzBot» іздеу жолына енгізу, енгізу/қайта енгізу. Әрі қарай «Қызметтер» бағанында "Соттылықтың болуы немесе болмауы туралы анықтама беру" атты сервисті таңдау, содан кейін азаматқа растау коды көрсетілген SMS – хабарлама келеді, кодты енгізгеннен кейін соттылықтың болуы немесе болмауы туралы ақпарат берілетін болады.

Сондай-ақ, порталда электрондық анықтаманы ЭЦҚ қоймай-ақ «Бір реттік SMS паролінің сервисінің» көмегімен алуға болады.

Сонымен қатар, порталда «Үшінші тұлғалармен анықтама алу сервисі» жүзеге асырылған. Енді, жұмыс берушілердің өздері онлайн қызметін қолдана отыра «жеке кабинет» және (немесе) sms-растау арқылы сұрау жіберілетін адамға қатысты, адамдардың келісім шарты болған кезде басқа адамдарға қатысты соттылықтың болуы немесе болмауы туралы электрондық сұрау жібере алады.

Осындай қызметті алудың негізгі шарты МАЗ-на тіркеу болып табылады. МАЗ-не тіркелу үшін қызмет алушыға порталдағы «жеке кабинетте» «телефон» деген бағанда телефон нөмірін көрсету керек немесе оны ЖСН-ді Мемлекеттік корпорацияның кез келген фронт-офисіне тіркеу қажет.

«Комитеттің және оның аумақтық басқармаларының мұрағаттары шеңберінде мұрағаттық анықтамаларды және/немесе мұрағаттық құжат көшірмелерін беру» мемлекеттік қызметі ішінара автоматтандырылған.

Қызмет алу үшін электрондық сауалдарды жіберу сервисі портал арқылы

іске қосылды. Қазіргі уақытта, қызметті портал арқылы немесе Мемлекеттік корпорация арқылы тапсыруға болады. Қызметтің нәтижелерін Мемлекеттік корпорациясы арқылы ғана алуға болады. Қызмет көрсету мерзімі 30 күнтізбелік күннен 10 күнтізбелік күнге дейін қысқартылған.

«Прокуратура органдарынан, тергеу және анықтау органдарынан шығатын ресми құжаттарға апостиль қою» мемлекеттік қызметі автоматтандырылмаған, ол Мемлекеттік корпорация арқылы қағаз түрінде көрсетіледі. Қызмет көрсету мерзімі 5 жұмыс күні. Прокуратура органдарынан шығатын апостиль қоятын құжаттардың 99% есепке ала отыра, соттылықтың болуы немесе болмауы туралы анықтаманы құрайды, мынадай мүмкіндік іске асырылады:

- композиттік қызметке электрондық өтініш беру –соттылықтың болуы немесе болмауы туралы апостиль қойылған анықтама;

- мемлекеттік бажды онлайн режимінде электрондық үкіметтің төлем шлюзі (ЭУ ТШ) арқылы төлеу;

- қызмет алушының филиалдың мекенжайын порталда таңдау.

Қызметтердің нәтижелерін қағаз түрінде алу үшін қызмет көрсететін Мемлекеттік корпорациялар.

Комитеттің қызметін электрондық форматқа 100% көшіру мақсатында, ҚР ӨМ «Е-Апостиль» сервисін іске асыру шеңберінде апостильдендіру бойынша қызметтерді электрондық форматқа толық көшіру жұмысы жүргізілуде.

А.ТӨРЕБЕКОВ,
Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің Жетісу облысы бойынша Департамент бастығы, аға әділет кеңесшісі.

Мақсат - мемлекеттік қызметте сыбайлас жемқорлықты жою

Сыбайлас жемқорлықпен күресу Қазақстанның бүгінгі күнгі күрделі мәселесі болып отыр. Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес, қызмет өкілеттігін теріс пайдалану, билікті не қызметтік өкілеттілікті асыра пайдалану, пара алу, пара беру, парақорлыққа делдал болу осындай қылмыстардың барлығы жемқорлық сыбайластық байланыстарды пайдалану арқылы жасалатыны анық. Мемлекеттің осы жағымсыз құбылысты жою бағыты да, кешенді және жүйелі күрес жүргізу саясаты жанданды. Сонымен қатар сыбайлас жемқорлықпен күресу үшін халықтың құқықтық сауатсыздығын жою, құқықты түсіндіру жұмысының деңгейі мен сапасын арттыру керектігінің маңызы зор. Халыққа көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің сапасын арттыру сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс – қимылдың қызметіне сенімін арттырудың маңызды аспектісі болуға тиіс. Сонымен бірге, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жазалау әдістерімен ғана жүргізілмей, халық арасында құқықтық тәрбиені, өздерінің құқықтарын, өздеріне қарсы қандай да бір құқыққа қайшы іс-әрекет жасалған жағдайда қандай іс – қимыл қолдану керектігін нақты жолдарын толық білулері және сыбайлас жемқорлық іс – әрекеттерінің өртүрлі нысандарын қабылдамауды насихаттауға бағытталған ақпараттық – тәрбие жұмысы қажет. Сыбайлас жемқорлық проблемасын шешу үшін мемлекеттік органдардың күш – жігерін біріктіріп, осы дерттің одан әрі ушықпауы үшін оны тоқтатудың барлық амалдарын қолдану арқылы ғана осы дертке қарсы тұруға болады. Сондықтан сыбайлас жемқорлықпен күресу әр адамның азаматтық борышы деп білу керек.

С.ИСАБАЕВА,
Сарқан аудандық қазынашылық басқармасының бас маман – бас қазынашысы.

МӘМС: әр азаматқа қатысты жүйені түсінуге көмектесеміз!

Жетісу облысы бойынша Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының филиалы халықтың МӘМС жүйесі туралы хабардарлығын арттыру бойынша ақпараттық жұмыстарын белсенді жалғастыруда. Кезекті кездесу мемлекеттік органдар мен өңірдің кәсіпкерлер палатасы өкілдерімен өтті.

Кездесу барысында полиция департаментінің, қылмыстық-атқару жүйесінің және төтенше жағдайлар департаментінің қызметкерлеріне МӘМС-тің негізгі аспектілері түсіндірілді. Оларға азаматтардың құқықтары мен міндеттері, сондай-ақ медициналық қызметтерді қаржыландыру механизмі туралы толық ақпарат берілді.

«Біздің мақсатымыз – «Сақтандырылған» мәртебесі болған жағдайда тегін және сапалы медициналық қызмет алу мүмкіндіктері туралы халықтың хабардарлығын арттыру, – деп атап өтті Жетісу облысы бойынша ӨМСҚ филиалының ақпараттық түсіндіру және өтініштерді қарау бөлімінің басшысы Мадина Нұрғалиева.

Қор филиалы ауқымды ақпараттық-түсіндіру жұмысын әлі де жалғастыратын болады және барлық азаматтарды өз мәртебесін тексеруге, өз құқықтары туралы көбірек білуге және бұл ақпаратпен жақындарымен бөлісуге шақырады. Себебі денсаулық – біздің басты құндылығымыз!

«Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ Жетісу облысы бойынша филиалы.



Соғыстың әскери-шаруашылық міндеттерін шешуде Қазақстанның көмір, металлургия, түсті металл өндіру, мұнай және теміржол салаларының маңызы зор болды. Қарағанды шахтерлері, Балқаш металлургтері, Жезқазған мыс балқытушылары, Шымкент қорғасын өндірістері, Ембі мұнайшылары, Түркістан-Сібір және Қарағанды темір жолдарының теміржолшылары соғыстың қажеттіліктерін қамтамасыз етті. Қазақстан сол кезде қорғаныс өнеркәсібіне қажетті мыстың үштен бірін өндірді. Тіпті «Соғыста атылған он оқтың тоғызы Қазақстанда өндірілген қорғасыннан құйылған» деген сөз де айтылатын.

Соғыс басталғанда Қазақстан жүз мыңдаған эвакуацияланған адамдарды, жүзден астам зауыттарды, ғылыми және мәдени мекемелерді қабылдады. Республика тылдық госпитальдардың орналастыру орталығына айналды. Қорғаныс өнімдерін шығару, эвакуацияланғандарға көмек көрсету, қаражат жинау – Ұлы Отан соғысы жылдарында қазақстандықтар жасаған ерліктің бір бөлігі ғана. Майданға ерікті түрде көмек көрсету қозғалысы ерекше қарқын алды. Патриоттық сезіммен ел тұрғындары өз жинақтарын майдан қажетіне берді. Жастардың бастамасымен «Қазақстан комсомолының» танк колоннасын, ұшақтар мен жойғыш эскадрильяларын құру үшін арнайы қаражат жиналды. Осылайша, «Қазақстан колхозшысы», «Советтік Қазақстан», «Қазақстан металлургия», «Қазақстан мұнайшысы», «Қарағанды шахтері», «Қазақстан пионері» және басқа да танк колонналары мен авиаэскадрильялар жасақталды.

Соғыстың алғашқы күндерінде ақ майданға миллионнан астам қазақстандық аттанды. Олар қиян-кескі ұрыстарда асқан патриотизм мен ерлік көрсетті. Қазақстанның әрбір шаңырағы бұл соғыста ауыр қайғыға душар болды, әрбір отбасы өз жақындарын жоғалтты. Біздің еліміздің аумағында 20-ға жуық дивизия мен атқыштар бригадалары, 50-ге тарта полк пен жеке батальон құрылды. Соғыс жылдарында Қазақстандағы әскери училищелерде 5 мыңнан астам офицер, 13 мың кіші командир дайындықтан өтті. Қан майданда көрсеткен ерлігі мен батырлығы үшін 500 қазақстандық Кеңес Одағының Батыры атағына ие болды. Бұл атақ екі мәрте Талғат Бигелдиновке, Леонид Бедаға, Иван Павловқа және Сергей Луганскийге берілді. Мыңдаған жауынгерлер ордендер мен медальдармен марапатталды, 100-ден астамы Даңқ орденінің толық кавалері атанды.

Біз Бауыржан Момышұлы, Әлия Молдағұлова, Мәншүк Мәметова, Төлеген Тоқтаров, Нүркен Әбдіров, Қазбек Нұржанов және басқа да майдангер батырларымыздың есімдерін құрметпен еске аламыз.

Қазақстандық әскери құрамалардың жауынгерлік жолы 1941 жылы Мәскеу түбіндегі шайқаста басталып, 1945 жылы Берлинде аяқталды. Олар Ленинградты қорғады, Сталинград пен Курск шайқастарында ерлік көрсетті, Украина, Беларусь, Молдова, Балтық жағалауы және Еуропа елдерін азат етуге қатысты.

Көптеген қазақстандық жауынгерлер Беларусь жерінде мәңгілікке қалды. Олар алғашқы шайқастарын Брест қамалын қорғаушылар қатарында бастады, партизандық қозғалыстарға қатысты. «Багратион» операциясы барысында Қазақстанда жасақталған 88-атқыштар дивизиясы кеңес әскерлерімен бірге шабуылға шықты. Операцияға қазақстандық басқа да бөлімдер –

СҰМ СОҒЫСТЫҢ ҚАСІРЕТІ

Жылдар өткен сайын Ұлы Отан соғысының оқиғалары уақыт тұрғысынан алыстап барады, сол дәуірдің тірі куәгерлері, ең алдымен, сол сұрапыл кезеңнің шынайы естеліктерін сақтаған соғыс ардагерлері сиреп қалды. Бүгінгі ұрпақ соғыс жайлы тек фильмдерден біледі, сондықтан ардагерлердің қандай ауыр сынақтардан өткенін елестету қиын. Олар жас кездерінде-ақ қатал сынақтарға төтеп беріп, күн-түн бойы тоңған окоптарда жатып, майдандас достарынан айырылып, сансыз қиындықтарды бастан кешірді. Өткен соғыс кеңес халқының тарихындағы ең қайғылы оқиғалардың бірі болды, бірақ ол сонымен қатар әртүрлі ұлттар мен этностардың жауынгерлік бауырластығы мен бірлігінің жарқын үлгісіне айналды. Ерлік пен қайсар рухтың төңдессіз көрінісі болды. Қаруы қатайған бауырлас республикалармен бірге Қазақстан да жеңісті жақындатуға бар күшін салды. Соғыстың алғашқы күндерінен бастап республика майдан үшін маңызды арсеналға айналды. Қызыл Армияның қажеттіліктерін қамтамасыз ету үшін ел экономикасы түгелдей жұмылдырылды. Тылда қалған әйелдер, қарттар мен балалар Ұлы Жеңіс үшін күндіз-түні аянбай еңбек етті.



8-атқыштар, 27 және 30-гвардиялық атқыштар дивизиялары, 209-атқыштар Зайсан полкі, 100 және 101-ұлттық қазақ атқыштар бригадалары қатысты. Ерекше көзге түскен 129-минометші Молодечно полкі Жоғарғы Бас қолбасшының жеті алғысын алды.

Әкемнің ағасы Садуақасов Қадыржан, 1915 жылы Алматы облысы, Бөрлітөбе ауданы, Көкжиде ауылдық кеңесінде, «Ерікті» колхозында дүниеге келген. Ол 1939 жылғы 15 ақпанда немесе 1940 жылғы 15 ақпанда Бөрлітөбе аудандық әскери комиссариаты арқылы әскерге шақырылды.

Қызметін Брест-Литовск қаласында, 333-атқыштар полкінің 9-батальонының 9-ротасында өткерді. 1941 жылғы 16 тамызда Брест облысы, Беларусь КСР аумағындағы Брест қамалы маңында хабар-ошарсыз кетті. Онымен бірге осы ауылдан шыққан тағы үш сарбаз да із-түсіз жоғалған.

Беларусь Республикасының Қарулы Күштері жанындағы Отан қорғаушыларын және соғыс құрбандарын мәңгі есте сақтау басқармасының ерікті іздеушісі, өз елінің патриоты Александр Леонидович Дударенкодан алынған ақпаратқа сәйкес, 6-инженерлік дивизияның 333-саперлік полкі соғыстың алғашқы күндерінде Брест қамалында толығымен жойылған. Сонымен қатар, 333-атқыштар полкінің бір бөлігі (мүмкін, 3-батальон) соғысқа дейін Брест маңындағы Черемха-19 станциясында орналасқан. 2010 жылдың жазынан бастап бұл аймақта кеңес сарбаздарының жаппай жерленген орындарын анықтау мақсатында қазба жұмыстары жүргізілуде. Алайда, кейбір мәліметтерге сәйкес, 333-саперлік полктің тәжірибелі сарбаздарының бір бөлігі жас жауынгерлерді оқыту үшін 49-атқыштар дивизиясының 222-атқыштар полкіне ауыстырылған болуы мүмкін. Бұл полктің құрамына 1941 жылдың сәуірінде Қазақстан мен Өзбекстаннан шақырылған жас жауынгерлер кірген.

Менің ағамның өмір жолы оның замандастарының тағдыры сияқты революция, сталиндік қуғын-сүргін және ұжымдастыру кезеңдерінің ауыр сынағынан өтті. Оның атасы Сасан Жетісу өңірінде танымал би әрі заң шығарушы ретінде мойындалған тұлға болған. Барлық қиындықтарға қарамастан, Қадыржан өзінің рухани тазалығын, ерік-жігері мен абыройын сақтап қалды. 1939 жылғы 15 ақпанда (немесе 1940 жылғы 15 ақпанда) Қызыл Армия қатарына шақырылмас бұрын, Қадыржан 24 жасында Маптика есімді арумен шаңырақ көтерді. Олардың отбасында қыз бала дүниеге келген, алайда сәби әкесінің әскери борышын өтеп жүрген кезінде шетінеп кетті. Мүмкін, Қадыржан өз қызын көріп те үлгермеген болар.

Жас жұбайлардың арасында терең әрі шынайы сезім болғаны анық. Маптика бұл махаббатты өмірінің соңына дейін жүрегінде сақтап өтті. Қадыржан да әйеліне ерекше мейіріммен қарап, оны үнемі қамқорлығына алып отырған. Қызыл

Армияда жүріп, оған жиі хат жазып, өзіне және қыздарына жақсы қарауды өтінген. Бұл аманатты менің әкем Қамидоллаға да тапсырған.

Анамның айтуынша, менің ағам Қадыржан өңірдегі ең сабырлы, сезімтал әрі көрікті жігіттердің бірі болған. Ал менің әкем Сейтбатқалов Қамидолла 1922 жылы дүниеге келген, Ұлы Отан соғысының қатысушысы, Ленинград майданындағы ауыр шайқастарға қатысып, 1944 жылы ауыр жарақаттан кейін елге оралды. Ол өмір бойы сүйікті ағасы Қадыржанды іздеумен болды. Енді бұл менің парызым. Мен де іздейтін боламын. Беларусьиялық достарымның көмегімен оның дерегін табуға тырысамын.

Беларусь ғалымдарының пікірінше, соғыстың салдары қоғам өмірінің әртүрлі салаларында 120-150 жыл бойы сезілетін болады. Ал қазір сол соғысты еске алудың қажеті бар ма? Бүгінгі күннің қиындықтарына төтеп беру үшін өткенді ұмытпау маңызды ма? Әрине, маңызды. Тек еске алып қана қоймай, одан сабақ алып, бүгінгі дағдарыстың ауыртпалығына қарсы тұру үшін дұрыс қорытынды жасауымыз керек.

Белгілі деректерге сүйенсек, соғыстың алғашқы кезеңінде (1941 жылдың маусымынан қарашасына дейін) Қызыл Армия күн сайын 24 мыңға дейін сарбазын жоғалтқан. Бұл – екі толыққанды дивизияның қырылуымен тең. Соғыстың соңғы кезеңінде (1944 жылдың қаңтарынан 1945 жылдың мамырына дейін) бұл шығын тәулігіне 20 мың адамды құрады.

Қазақстаннан майданға аттанған жауынгерлер саны 1 196 164 адамнан асты. Тек Алматы облысынан Брестке 5 мың сарбаз жіберілгені белгілі. Бұған қоса, Қызыл Армияның офицерлік құрамы Қазақстандағы эвакуацияланған әскери оқу орындарында дайындалған кадрлармен толықтырылды. Нақты деректерге сүйенсек, соғыс жылдарында 30 әскери училище 60 мыңнан астам офицер мен 25 мың сержантты даярлап шығарды. Қазақстан 497 жауынгеріне Кеңес Одағының Батыры атағын берді. Алғашқы батыр – Павлодар өңірінің тумасы, танк әскерінің генерал-майоры Кузьма Александрович Семенченко (1941 жылғы 22 маусым), ал соңғысы – даңқты Панфилов дивизиясының офицері, халық қаһарманы Бауыржан Момышұлы (1990 жылғы 11 желтоқсан). 110 қазақстандық жауынгер Даңқ орденінің үш дәрежесімен марапатталды.

«Барлығы майдан үшін! Барлығы Жеңіс үшін!» деген ұранмен тылдағы қазақстандық аналар мен еңбеккерлер ел қорғау ісіне өз үлестерін қосты. Халықтық қорғаныс қорына олар 4 миллиард рубльден астам қаражат жинап, майданға 1600 вагон сыйлық жөнелтті, оның ішінде 450 вагоны қоршауда қалған Ленинградқа жіберілді.

Бүгінде, Жеңістің 80 жылдығы қарсаңында, біз бейбітшіліктің қаншалықты қиындықпен келгенін есте сақтауымыз керек. Өткен соғыстың тари-

хи сабағы – жаңа қасіретке жол бермеуге үйретеді. Біздің әрқайсымыз бұл соғыстың ауыр мұрасын жүрегімізде сақтаймыз, өйткені елде соғыстан зардап шекпеген отбасы жоқ...

Көжиде ауылынан майданға аттанып, аман-есен оралғандар:

1. Абдрахманов Мереке 1924-1988
2. Асылбеков Әбеу
3. Байгенжеұлы Жаңабай 1924-1996
4. Бекбосынов Хамет 1924-1978
5. Байтемиров Көкеш 1920
6. Болсанбеков Абдықадыр 1925-2013
7. Баймолдин Құрманғали 1919-1992
8. Дукенов Бидолла 1910-1985
9. Елеусизов Мұқажан 1909-1993
10. Жантұрсынов Тұрлыбек 1910-1980
11. Жақсыбаев Төлеу 1906-1978
12. Жарқынбайұлы Қасымбек 1900-1979
13. Жарқынбайұлы Құдайберген 1901-1976
14. Жаңбырбаев Нұрбек 1914-1946
15. Жексембаев Мәжім 1910 -1978
16. Жексембаев Айсапа 1920 -1974
17. Жетыбаев Мұқаш 1924-1982
18. Иманғалиев Төлеубек 1902-1943
19. Иманғалиев Ануарбек 1916 -1983
20. Қабышұлы Шернияздан 1918-1984
21. Қабышұлы Бисары 1916-1942
22. Карипжанов Оспан 1909 -1996
23. Карипжанов Досан 1917-1985
24. Кунбосынов Садық
25. Қалдыбаев Зейнелгабиден 1925-1992
26. Қыдырбеков Әнуарбек 1902-1944
27. Көптайлақов Құдайберген 1917-1977
28. Қайролдаев Нұсипбек 1920-2004
29. Қоңыратбаев Хамидолла 1921-1970
30. Қоңыров Қасенбек Самықұлы 1927-1968
31. Қоқымов Түсіпбек 1902 -1994
32. Қайранов Райхан Жүнісұлы 1905-1981
33. Қайранов Жұмахан 1924-1980
34. Құрманғалиев Бейсембек 1915 -1970
35. Қасқарауов Мадигали 1926-1989
36. Мұхамбетқалиев Емберген 1924-1997
37. Мұсралитов Сван 1909-1955
38. Манаров Қожабай 1923,
39. Макеев Қасымжан 1915-1978
40. Мейрамбаев Тәурбек 1909-1972
41. Мыңбайұлы Дүйсебай 1909-1976
42. Наушабаев Рабай 1910 -1994
43. Нұржігітов Төлеу 1917-2004
44. Нұржанов Қасым 1900-1965
45. Омарұлы Иманжан 1889-1970
46. Оспанов Қали 1905
47. Оңалбайұлы Қызырбек 1900- 1981
48. Оңғарбаев Кәрімхан 1896-1961
49. Өмірбаев Енжар 1900-1980
50. Раушанов Қинойат 1907-1974
51. Рахимов Алиғали
52. Рахимов Мадигали - 1995
53. Садуақас Төлеубай
54. Сахариев Жанабіл 1924- 2010
55. Сағиев Спан 1915-1978
56. Сағиев Дүйсенбек 1917-1971
57. Сейтбатқалұлы Қамидолла 1922-1969
58. Сыздықбаев Разбек 1902-1996
59. Самылтыров Кәкімжан 1922-1997
60. Серікбайұлы Мұқатай 1901-1964
61. Толқынбеков Шакарим 1926-2006 ж.
62. Үкібаев Мұқатай 1906 -1995
63. Шақпақбайұлы Ыдырыс 1907-1984

64. Шаяхметұлы Сейдахмет 1912-1986
65. Шарапиұлы Абилямсур 1921-1995
66. Біліспаев Тынысбек 1922-1987
67. Лепесов Ілес 1920-1999

Ауған соғысының ардагерлері:

1. Альсейітов Бейсембек 1963
2. Білісбаев Асылбек 1963-2017
3. Жетібаев Құдаш 1964
4. Жүнісов Есенкелді 1962
- #### Тыл – еңбеккерлері:
1. Абдрахманұлы Қасен 1909-1970
2. Абдрахманқызы Бисара 1923-2009
3. Абдрахман келіні Зилипан 1913-1977
4. Абдрахманқызы Тоқмейіл 1913-1958
5. Абдрахманқызы Қалипан 1916-1986
6. Амиров Есимжан 1928-2010
7. Алипов Жанайдар Қалибекұлы 1937-
8. Аппасқызы Ақбала 1923-2007
9. Ахметжанова Жібек 1910-1982
10. Аюбайқызы Ынтық 1908-1976
11. Әліпұлы Қалибек 1891-1982
12. Әбенқызы Даметкен 1926
13. Әдібаева Нұржамал 1902-1994
14. Баженов Жақыпбек 1905-1991
15. Баженова Бибәти 1922-1972
16. Баянбайқызы Жанлыс 1894-1980
17. Байтілеуова Бәдиғұл 1925-2005
18. Баймылтықова Зәкіра 1905-1991
19. Баймолдина Қайныш 1935-
20. Байтемиров Мұздыбай 1903-1959
21. Байтемиров Топанбай 1917-1977
22. Байспекқызы Шылдахан 1913-1979
23. Бейбітұлы Сүлеймен 1905-1986
24. Бейсенбекқызы Биғайша 1906-2007
25. Бектемирова Мыңтенге
26. Биболов Тоқтасын 1928-2003
27. Бостанова Күләш 1938
28. Болсанбекқызы Мыңтеңге 1910-1994
29. Дарханов Карипжан 1877-1958
30. Дербәева Бисара 1923-2017
31. Жаманбайқызы Бибіқадиша 1889-1968
32. Жанбаева (Дуйсенбекқызы) Турар 1889-1977
33. Жарқынбаева Зағила
34. Жиендина Камилә 1923-2006
35. Жунусов Төлеген Тауырбекұлы 1937-2016
36. Зәкіқызы Бауберік 1929-1997
37. Ербосынова Шайзада Райымбекқызы 1912-1993
38. Имангелдіұлы Ғабит 1927-1976
39. Иманғалиқызы Дыбыс 1909-1978
40. Иманғалиев Түсіпбек 1906-1978
41. Иманғалиева Разиқа
42. Капиева Айғаным
43. Касенова Нәштай Ікіжан 09.01.1927-2018
44. Кадешова Уазипа
45. Кадырбекова Қуаныш
46. Қарабекова Бибайза 1922-1999
47. Қожахметқызы Күлбану Асылбекова 1907-1984
48. Қоңырова Маржікен Қазбекқызы 1907-1993
49. Қоңырова Мариям Мұқайқызы 1928-2010
50. Қаракүшікұлы Рақымжан 1912-1988
51. Қаракүшикова Қатиша 1912-1999
52. Қалдыбайұлы Файзолла 1900-1963
53. Қалдыбаева Хадидша Жаңбырбекқызы 1901-1980
54. Құрмашұлы Молдабай 1920-2005
55. Құрманғалиұлы Копес 1929-1996
56. Қарабекова Байбайза 1921-1999
57. Кәрібайқызы Шәлипан 1890-1969
58. Құрманәліұлы Сейполда
59. Құрманалина Бейіш Рахманқызы 1899-1987
60. Лепесова Бисара Абдырахманқызы 1923-2008
61. Мансурова Базилә 1922 – 2000
62. Мақып Майқықызы 1913-1996
63. Мейрманова Малика 1896-1969
64. Медеубекқызы Нуржамал 1903-1996
65. Молдажанқызы Күлжаухар 1922-1992
66. Момынжанқызы Оралкен 1909-2009
67. Мыңбаева Айғанша
68. Мыңбаева Қайныш
69. Мухаметкалиева Секер 1927-2011
70. Наушабаева Райхан 1922-2016
71. Наубаева Ақшолпан
72. Омарұлы Абеу 1885-1978
73. Омарқызы Қайынжамал 1921-2010
74. Омарқызы Жамал 1923-1991
75. Омарова Нұржамал 1933-2010
76. Оспанова Дәмежан 1912-1997
77. Оспанова Айтбала 1917-2006

78. Өскенбайұлы Иманғали 1878-
79. Өндегінұлы Сыдық 1898-1985
80. Өндіген келіні Әпилян 1906-1972
81. Өндігенқызы Дәриман 1916-1971
82. Өндіген келіні Айтпала 1918-1989
83. Садыбекова Байбала Орыспайқызы
84. Самылтырова Жамалхан 1930-2013
85. Сасанов Сабыржан Садуақасұлы 1936
86. Сахариева Жаңылхан
87. Сванкулова Секер 1929-1991
88. Сейполданова Шылдахан 1924-1994
89. Сейполданов Жалменде 1892-1970
90. Сейполданова Каймен
91. Сейполданова Нұртөлеу 1916-2002
92. Соқырова Кулжаукер 1920-1994
93. Соқыров Қуанышбай 1891-1973
94. Сугурова Майдашаш
95. Тоқсанбекова Бижикен
96. Тоқсанбекова Уазипа
97. Төлегенов Қапсамет
98. Усенов Мақұлжан 1924-2007
99. Усенова Нұрғайша 1927-2008
100. Шарапиева Мейірбан Мекебайқызы 1924-1994
101. Шақпақпайқызы Уазипа 1907-1979
102. Шақпақпайқызы Кулипа 1905-1987
103. Шаяхметова Қайнет Қабылманқызы 1918-1989 (Қаз ҚСР Жоғарғы Президиумның депутаты)
104. Файзуллин Ғабдулғазиз 1928-2012
105. Файзуллина Төлеужан 1930-2007
106. Файзоллаұлы Қабатай (Қабдрашит) 1932-2012

БОЗДАҚТАР

1. Әбибеков Молдабай 1909-1943, 18.02.
2. Баженов Сейсебек 1922-1941
3. Бекежанов Ахметқали 1924-1945, 09.04.
4. Бесбаев Нәби 1908-1943.26.02
5. Досымбеков Оразбай 1921-1942
6. Жақсыбеков Ақылбай 1916-1942
7. Жанасбаев Найманшал 1924-1943
8. Жалтыров Молдағали 1906-1943
9. Жанкенов Мақтай 1917-1943
10. Жантұрсынов Тұрлы 1899-1943.16.10
11. Елубаев Сапар 1922
12. Ысқақбаев Мухаметжан 1907-1941
13. Ибрагимов Мансур 1917-1941
14. Иманғали Разипа 1922-1942
15. Иманқұлов Абдыхамит Бекбұхамбетович 1943
16. Иманқұлов Бекмұхамет 1901-1943
17. Имашев Қасымхан 1913-43.10.03.
18. Исанов Оспан 1901-1944.17.07.
19. Кабышев Бисары 1916-1942
20. Кадешов Абеуғали 1922-1942
21. Қадешев Қуаныш 1920-1944
22. Қалдыбаев Абілғаппар 1902-1944
23. Қалдыбаев Мухитдин Абдилдаұлы 1918-1941
24. Қалиев М 1905 -1943
25. Карипжанов Бостан 1915-1941
26. Көкеев Алпысбай 1909-1942
27. Қалмырзаев Байбала 1918-1944
28. Қалмырзаев Бетқали 1900-1944.09.08.
29. Қасқарауов Бидаулет 1899-1944
30. Қоңыров Самық 1907-1942
31. Құрманов Садуақас 1897-1943
32. Қыдырбеков Ерденбек 1917-1941
33. Көпқайұлы Иманғали 1906-1942
34. Мейірманұлы Оразиман 1915-1941
35. Нұрбеков Әбдірахман 1905-1944
36. Нұржақов Садық 1913
37. Оспанов Сейіт 1898-1943
38. Оспанов Саид 1900-1943.06.07.
39. Рауманов Қанат 1907-1942
40. Рысбаев Нәби 1908-1943
41. Рысқұлов Қалибай 1900-1943
42. Садыбеков Құдайберген 1912-1941
43. Садуақасұлы Кәдіржан 1915-1941.16.07.
44. Сейтұлы Бектемір 1892-1941
45. Серікбайұлы Мұхамедияр 1903-1945
46. Серікбайұлы Оспан -1945
47. Серікбайұлы Қоспан -1945
48. Серікбайұлы Құрманғали 1922-1945
49. Сұңғатов Темірғали 1943.25.02.
50. Тоқтағұлов Серкебай 1904-1941
51. Усенұлы Үкіжан 1915-1943.11.03.
52. Ундигенов Абуғали -1942

**Сағидолла СЕЙТБАТКАЛОВ,
ҚР Сыртқы барлау "Сырбар"
қызметінің отставкадағы полковнигі.**

Жеңіс! Аса бір киелі ұғымның бірі. Киелілігі соншалық ол туралы естеліктер көз алдымызға соғыс және тыл батырларының ерліктерін, мұңның, қайғы қасіреттің, көз жастың, қан мен тердің ащы зарын әкеледі. Ұлы Жеңістің құны осы ұғымдарға парапар болғанын, қаншама адамның көз жасы төгіліп, өмірі қиылғанын ұғыну неткен ауырлық десеңізші!



Жеңісті жақындатуға үлес қосқан

**СҮДІРБАЕВА Нұржамал (Нүкіш)
1924 -1986 жж**

Халықтың басынан талай аласапыран кезең өтті ғой. Сонау колхоздастыру кезінде бастан кешкен қиын-қыстау кезең соғыспен салыстыруға да келмей қалған жоқ па?! Ел сәл болса да есін жиып, тұрғылықты жерлеріне қоныстанып, шаруамен айналысып, өмірдің түсіне бермейтін сүрленбеген соқпағынан өту оларға оңайға түспегені анық. Колхоздастыруға дейінгі қуғын-сүргін, жазықсыз жазаланудың соңын ала келген аштық жылдарының зардабын



шекпеген ұрпақ жоқ шығар. «Қырық жыл қырғын болса да ажалсыз өлмейді» деген сөз қайғыға тоқтау айтқандай. Елде тыныштық орнап, бейбіт өмір сүру ұзаққа бармады. Сұрапыл соғыс басталды. Бұл соғыстың қайғысын ұрпақтары неше жыл өтсе де әлі ұмыта қойған жоқ. Соғыс өртін сөндіру үшін алыстағы ауылдар азаматтарын тегіс майданға аттандырды. Үлкендер, шал-кемпір, қыз-келіншек демей барлығы таңның атысы күннің батысына дейін еңбекке жұмылдырылды. Солардың бірі менің анам Сарқан ауданы, Қарабөгет ауылында 1924 жылы дүниеге келген Есебайқызы Нұржамал (Нүкіш) еді. Анам 6 сыныптық білім алған. Латын әрпімен сауатын ашқан. Майданнан келген хаттарды туыстарына оқып беріп, хат жазып беретін болған. Соғысқа дейін ата-анасы Ерші жігіті Жүніске тұрмысқа берген. Одан Гүлшат деген қызы болыпты. Бірақ өкінішке орай қызы жастайынан жұқпалы аурудан ерте қайтыс болып кетіпті. Жолдасын соғысқа аттандырады. Көп ұзамай майданнан «Жүніс қаза тапты» деген қара қағаз келеді.

Ұлы Отан соғысы жылдарында майдандағылар қан төксе, тылдағылар тынбай еңбектеніп тер төкті. Жеңісті жақындатуға бірі адал еңбегімен, бірқатары қолда бар қаржысын жинақтап, Отан қорына аударып, туған жерді жау табанына таптатау үшін қолдан келгеннің бәрін жасады. Соғыстан кейін де анамыз Нүкіш бүлінген халық шаруашылығын қалпына келтіруге, ел экономикасының көтерілуіне аянбай тер төкті. Майданнан оралған Амангелді колхозының тұрғыны Сүдірбайұлы Байболатқа тұрмысқа шықты. Әкеміз елге оралысымен Амангелді колхозында механизатор болып еңбек етті. Екеуі отбасын құрап 4 бала сүйді. Бірақ соғыстан денсаулығынан айрылып II дәрежелі мүгедек болып қайтқан әкеміз сол ауруынан ерте 49-ақ жасында 1966-жылы 16 қыркүйекте бақилық болды. Анамыз Нүкіш тағдырдың ауыр тауқыметін тарта жүріп, кәрі енесі Тайсұлуға қарады. Жастай қалған балаларын тәрбиелей жүріп, еңбекке баулыды, өсіріп жеткізді. Ата-анамның тұңғышымын. Соғыстан

кейінгі туылған ұрпақтар сияқты мен де тұрмыс-тіршіліктің ауыртпалығын көріп - біліп өстім.

Сол кездегі колхоз, кейіннен совхоздың жұмысының көбі қолмен істелінетін. Анам егіс даласындағы тракторларға жанар - жағармайды шелекке құйып, мойын-ағашпен көтеріп жеткізетін еді. Астықты қолмен орды, масақ терді. Аяқпен қырман басты. 60-жылдарға дейін электр жарығы ауылдарға келмеген болатын. Үйді тезек пен отын жағып жылтатын. Қазанға нан жабады. Осындай тұрмыстың ауыртпалығынан анамыз обыр дертіне шалдығып, 1986 жылы 21- қыркүйекте өмірден озды.

Анам өз әке - шешелерін еске алғанда айтқандары есімде қалыпты. Онда аналары туралы «Аналарымыз күн ұзақ жұмыста жүреді. Қолдары босамайды. Бас қоса қалса зарлы әнге салады. «Әуелеп ұшқан бозторғай, барайын десем жер шалғай, алыстағы боздағым, аман ба екен, ой Алла-ай» деген сөздері есімде қалыпты. Ауыр еңбектен қажып жүрсе де түнімен мойынорағыш, қолғап, шұлық тоқитын. Оны соғыстағы майдангерлерге жолдайтын. Біздер де аналарымыздан қалыспай тоқыма тоқыдық. Аналарымыз соқаға өгіз не сиыр жегіп, жер жыртатын. Соған қарамастан егістік көлемін азайтпаған, малды әйелдер баққан. Өнімді қолмен қазып жинаушы еді. Ал біз болсақ масақ тердік, бидай алқабын миядан тазарттық. Аузымыз мия татып жүретініміз есімде. 25 сотық жерге әр отбасы жүгері, картоп отырғызатын. Ауыл тұрғындары мал ұстайды. Балалар болса ата - анасына көмектесіп, қозы-лақтарды көгендеп, қой-ешкілерді сауып аламыз. Ондайда аналарымыз құрт қайнатады, ірімшік әзірлейді», -дейтін өз естелігінде. Осылайша сұрапыл соғыс жылдарында тыл еңбеккерлері де ерен еңбек еткен.

Артынан ерген ұрпақтарына бейбіт өмір сыйлаған ата - аналарымызға айтар алғысымыз бен көрсетер құрметіміз таусылмақ емес. Ержүректілік пен төзімділіктің символына айналған қаһармандарымыздың бейнесі мәңгі жадымызда. Ата-анамыздың өмірлерінен, әңгімелерінен шынында да майдандағы ерлік пен тылдағы ерліктің егіз екендігіне көзіміз жетті. Осындай аға ұрпақтың ерен еңбегінің арқасында майдандағылар қару жарақ, соғыс техникалары, киім-кешек, тамақ тағы басқа қажетті бұйымдармен қамтамасыз етіліп отырды. Ұлы жеңіске осылайша әркім өз үлестерін қосты.

**Есбала СҮДІРБАЕВА,
Сарқан ауданының Құрметті
азаматы, Сарқан ауданы Әжелер
алқасының төрайымы.**

Конкурсқа шығарылатын, ауыл шаруашылық мақсаттағы жер учаскелерінің тізімі

№	Жер учаскесінің орналасуы	Ауыл шаруашылық түрі	Жер учаскесінің көлемі, га	Жер учаскесінің пайдалану мақсаты	Топонимдік сипаттамасы	Баға, бағалық	Сүйенгіштік сипаттамасы	Өкілдерінің ата-аналық құқығы	Құқық түрі
Ақмола ауылдық округі									
1	Сарқан ауданы, Бөксенің арасында	Бір бау	4	Шаруафермерлік қожалығын ауыл шаруашылық мақсатында пайдалану үшін	Ақмола ауданы	2,1	қажетті	Мамыралиев А.А.	Жергілікті билік
2	Сарқан ауданы, Бөксенің арасында	Бір бау	40	Шаруафермерлік қожалығын ауыл шаруашылық мақсатында пайдалану үшін	Ақмола ауданы	1,4	қажетті	Мамыралиев А.А.	Жергілікті билік
Қызылқұдық ауданы									
3	Сарқан ауданы, Бөксенің арасында	Бір бау	22	Шаруафермерлік қожалығын ауыл шаруашылық мақсатында пайдалану үшін	Ақмола ауданы	5,1	қажетті	Мамыралиев А.А.	Жергілікті билік
4	Сарқан ауданы, Бөксенің арасында	Бір бау	5,38	Шаруафермерлік қожалығын ауыл шаруашылық мақсатында пайдалану үшін	Ақмола ауданы	9,0	қажетті	Мамыралиев А.А.	Жергілікті билік
Төлеу ауданы									
5	Сарқан ауданы, Бөксенің арасында	Бір бау	11,70	Шаруафермерлік қожалығын ауыл шаруашылық мақсатында пайдалану үшін	Ақмола ауданы	7,0	қажетті	Мамыралиев А.А.	Жергілікті билік
6	Сарқан ауданы, Бөксенің арасында	Бір бау	14,02	Шаруафермерлік қожалығын ауыл шаруашылық мақсатында пайдалану үшін	Ақмола ауданы	3,0	қажетті	Мамыралиев А.А.	Жергілікті билік
7	Сарқан ауданы, Бөксенің арасында	Бір бау	21,80	Шаруафермерлік қожалығын ауыл шаруашылық мақсатында пайдалану үшін	Ақмола ауданы	7,0	қажетті	Мамыралиев А.А.	Жергілікті билік
8	Сарқан ауданы, Бөксенің арасында	Бір бау	19,00	Шаруафермерлік қожалығын ауыл шаруашылық мақсатында пайдалану үшін	Ақмола ауданы	3,0	қажетті	Мамыралиев А.А.	Жергілікті билік
9	Сарқан ауданы, Бөксенің арасында	Бір бау	18,60	Шаруафермерлік қожалығын ауыл шаруашылық мақсатында пайдалану үшін	Ақмола ауданы	3,0	қажетті	Мамыралиев А.А.	Жергілікті билік
10	Сарқан ауданы, Бөксенің арасында	Бір бау	1,55	Шаруафермерлік қожалығын ауыл шаруашылық мақсатында пайдалану үшін	Ақмола ауданы	3,0	қажетті	Мамыралиев А.А.	Жергілікті билік
11	Сарқан ауданы, Бөксенің арасында	Бір бау	13,60	Шаруафермерлік қожалығын ауыл шаруашылық мақсатында пайдалану үшін	Ақмола ауданы	2,9	қажетті	Мамыралиев А.А.	Жергілікті билік
12	Сарқан ауданы, Бөксенің арасында	Бір бау	10,71	Шаруафермерлік қожалығын ауыл шаруашылық мақсатында пайдалану үшін	Ақмола ауданы	3,0	қажетті	Мамыралиев А.А.	Жергілікті билік
13	Сарқан ауданы, Бөксенің арасында	Бір бау	6,05	Шаруафермерлік қожалығын ауыл шаруашылық мақсатында пайдалану үшін	Ақмола ауданы	3,0	қажетті	Мамыралиев А.А.	Жергілікті билік
14	Сарқан ауданы, Бөксенің арасында	Бір бау	14,00	Шаруафермерлік қожалығын ауыл шаруашылық мақсатында пайдалану үшін	Ақмола ауданы	3,8	қажетті	Мамыралиев А.А.	Жергілікті билік
15	Сарқан ауданы, Бөксенің арасында	Бір бау	4,00	Шаруафермерлік қожалығын ауыл шаруашылық мақсатында пайдалану үшін	Ақмола ауданы	3,8	қажетті	Мамыралиев А.А.	Жергілікті билік
16	Сарқан ауданы, Бөксенің арасында	Бір бау	10,00	Шаруафермерлік қожалығын ауыл шаруашылық мақсатында пайдалану үшін	Ақмола ауданы	2,8	қажетті	Мамыралиев А.А.	Жергілікті билік
17	Сарқан ауданы, Бөксенің арасында	Бір бау	10,00	Шаруафермерлік қожалығын ауыл шаруашылық мақсатында пайдалану үшін	Ақмола ауданы	3,8	қажетті	Мамыралиев А.А.	Жергілікті билік

Шаруа немесе фермер қожалығын жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурс жариялау туралы хабарлама

Жетісу облысы, Сарқан ауданы әкімдігі, Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 43-1 бабына және «Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсты ұйымдастыру мен өткізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2018 жылғы 20 желтоқсандағы № 518 бұйрығы негізінде, «Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурс өткізетіндігі туралы хабарлайды:

Конкурсқа қатысу үшін өтінімдерді (конкурстық ұсыныс) қабылдау, жарияланғаннан соң 15 күнтізбелік күннен кейін, 10 жұмыс күні ішінде, 31 наурыздан 11 сәуірге дейін қабылданады. Жетісу облысы, Сарқан ауданы, Сарқан қаласы, Тынышбаев көшесі № 8, Сарқан ауданының ауыл шаруашылығы мен жер қатынастары бөліміне табыс етеді.

Конкурсқа қатысу туралы өтінімдерді қабылдаудың (конкурстық құжаттаманы) соңғы мерзімі: 2025 жылдың 11 сәуір айының 18 сағат 30 минутқа дейін.

Конкурстық өтінімдер салынған конверттер 2025 жылдың 14 сәуір айының 10 сағат 00 минутта мына-мекен жайда ашылады: Жетісу облысы, Сарқан ауданы, Сарқан қаласы, Тәуелсіздік көшесі №111, аудан әкімдігінің үлкен мәжіліс залында.

Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсқа қатысуға өтінімде: 1) Қазақстан Республикасының мемлекеттік емес заңды тұлғалары үшін – заңды тұлғаның атауы, оның тұрған жері, заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркелуі (қайта тіркелуі) туралы мәліметтер, жарғылық капиталдағы (жарғылық капиталдың жалпы мөлшерінен) үлестерінің мөлшері көрсетіле отырып, өтінім берушінің – заңды тұлғаның басшылары мен қатысушылары немесе акционерлері туралы мәліметтер, өтінім берушінің үлестес тұлғалары туралы мәліметтер; 2) жеке тұлғалар үшін – өтінім берушінің тегі, аты және әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілген болса), тұрғылықты жері, азаматтығы, жеке сәйкестендіру нөмірі, өтінім берушінің жеке басын куәландыратын құжат туралы мәліметтер; 3) өтінім беруші үміттеніп отырған жер учаскесінің орналасқан жері; 4) конкурстық ұсыныс; 5) өтінім беруші шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурстың жеңімпазы деп танылған жағдайда, шаруа немесе фермер қожалығын не ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскесін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) шартына қол қою қажеттігі туралы хабарламаны алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде көрсетілген шартты жасасу жөніндегі міндеттеме қамтылуға тиіс.

Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсқа қатысуға өтінімді жеке тұлғаның немесе Қазақстан Республикасының мемлекеттік емес заңды тұлғасының уәкілетті өкілдері Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес берілген және ресімделген сенімхаттың негізінде ұсына алады.

Конкурстық ұсыныста мынадай құжаттар болуы қажет: 1) бизнес-жоспар (инвестициялардың болжамды көлемі, ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіру алаңдары, ауыл шаруашылығы техникаларының мал басы, қолданылатын агротехнологиялар, ауыл шаруашылығы техникасы мен технологиялық жабдықтың, ауыл шаруашылығы саласындағы білікті мамандардың болуы, ашылатын жұмыс орындарының саны); 2) шаруашылық ішілік жерге орналастыру жобасын жасау және игеру, ауыл шаруашылығы инфрақұрылымын дамыту іс-шараларын орындау жөніндегі міндеттемелер; 3) ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерді ұтымды пайдалану қағидаларын қоса алғанда, Қазақстан Республикасы жер заңнамасының талаптарын орындау, өңірдің мамандануына сәйкес ауыл шаруашылығы дақылдарының егіс алаңдары құрылымын ертарпапандыру бойынша индикативтік көрсеткіштерді орындау, ғылыми негізделген агротехнологияларды, фитосанитариялық және карантиндік талаптарды сақтау жөніндегі міндеттемелер қамтылуға тиіс.

Конкурстық ұсыныс, "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы беру жағдайларын қоспағанда, беттері нөмірленіп, тігілген түрде, жабық конвертте ұсынылады.

Конкурстық ұсыныста өтінім беруші ұсынған міндеттемелер мен бизнес-жоспар шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскесін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) шартының ажырамас бөлігі болып табылады. Сонымен қатар, Конкурстық ұсынысты, "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы беру жағдайларын қоспағанда, конкурсқа қатысушы беттері нөмірленіп, тігілген түрде мөрленген немесе өшірілмейтін сиямен жазылған жабық конвертте ұсынады, конкурстық ұсыныстың соңғы беті жеке тұлғалар (немесе сенімді өкіл) үшін - қатысушының қолымен және заңды тұлғалар үшін - бірінші басшының (немесе сенімді өкіл) қолымен және мөрмен (бар болса) куәландырылады.

Өтінімде және конкурстық ұсыныста қатысушыға грамматикалық және арифметикалық қателерді түзету қажет болған жағдайларды қоспағанда, жолдар арасында ешқандай кірістірмелер, өшірулер немесе қосып жазулар болмауы тиіс.

Конкурстық ұсыныстың жабық конвертінде "шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурс" және " жылғы _____ " дейін ашуға болмайды" (ашудың нақты күні көрсетілді) деген сөздер жазылады.

Қосымша ақпарат пен анықтама алу үшін (72839) 2-16-72, 2-17-93 телефон арқылы хабарласуға болады.

Сарқан ауданының ауыл шаруашылығы мен жер қатынастары бөлімі.

Перечень земельных участков сельскохозяйственного назначения, выставляемых на конкурс

№	Место расположения земельного участка	Вид сельскохозяйственного использования участка	Площадь земельного участка, га	Целевое назначение земельного участка	Качественная характеристика участка	Бага, бағалық	Подобие, подобие	Сельскохозяйственный назначения региона	Вид права
Ақмола ауданы									
1	Сарқан ауданы, Бөксенің арасында	Бір бау	4	Шаруафермерлік қожалығын ауыл шаруашылық мақсатында пайдалану үшін	Ақмола ауданы	2,1	қажетті	Мамыралиев А.А.	Жергілікті билік
2	Сарқан ауданы, Бөксенің арасында	Бір бау	40	Шаруафермерлік қожалығын ауыл шаруашылық мақсатында пайдалану үшін	Ақмола ауданы	1,4	қажетті	Мамыралиев А.А.	Жергілікті билік
Қызылқұдық ауданы									
3	Сарқан ауданы, Бөксенің арасында	Бір бау	22	Шаруафермерлік қожалығын ауыл шаруашылық мақсатында пайдалану үшін	Ақмола ауданы	5,1	қажетті	Мамыралиев А.А.	Жергілікті билік
4	Сарқан ауданы, Бөксенің арасында	Бір бау	5,38	Шаруафермерлік қожалығын ауыл шаруашылық мақсатында пайдалану үшін	Ақмола ауданы	9,0	қажетті	Мамыралиев А.А.	Жергілікті билік
Төлеу ауданы									
5	Сарқан ауданы, Бөксенің арасында	Бір бау	11,70	Шаруафермерлік қожалығын ауыл шаруашылық мақсатында пайдалану үшін	Ақмола ауданы	7,0	қажетті	Мамыралиев А.А.	Жергілікті билік
6	Сарқан ауданы, Бөксенің арасында	Бір бау	14,02	Шаруафермерлік қожалығын ауыл шаруашылық мақсатында пайдалану үшін	Ақмола ауданы	3,0	қажетті	Мамыралиев А.А.	Жергілікті билік
7	Сарқан ауданы, Бөксенің арасында	Бір бау	21,80	Шаруафермерлік қожалығын ауыл шаруашылық мақсатында пайдалану үшін	Ақмола ауданы	7,0	қажетті	Мамыралиев А.А.	Жергілікті билік
8	Сарқан ауданы, Бөксенің арасында	Бір бау	19,00	Шаруафермерлік қожалығын ауыл шаруашылық мақсатында пайдалану үшін	Ақмола ауданы	3,0	қажетті	Мамыралиев А.А.	Жергілікті билік
9	Сарқан ауданы, Бөксенің арасында	Бір бау	18,60	Шаруафермерлік қожалығын ауыл шаруашылық мақсатында пайдалану үшін	Ақмола ауданы	3,0	қажетті	Мамыралиев А.А.	Жергілікті билік
10	Сарқан ауданы, Бөксенің арасында	Бір бау	1,55	Шаруафермерлік қожалығын ауыл шаруашылық мақсатында пайдалану үшін	Ақмола ауданы	3,0	қажетті	Мамыралиев А.А.	Жергілікті билік
11	Сарқан ауданы, Бөксенің арасында	Бір бау	13,60	Шаруафермерлік қожалығын ауыл шаруашылық мақсатында пайдалану үшін	Ақмола ауданы	2,9	қажетті	Мамыралиев А.А.	Жергілікті билік
12	Сарқан ауданы, Бөксенің арасында	Бір бау	10,71	Шаруафермерлік қожалығын ауыл шаруашылық мақсатында пайдалану үшін	Ақмола ауданы	3,0	қажетті	Мамыралиев А.А.	Жергілікті билік
13	Сарқан ауданы, Бөксенің арасында	Бір бау	6,05	Шаруафермерлік қожалығын ауыл шаруашылық мақсатында пайдалану үшін	Ақмола ауданы	3,0	қажетті	Мамыралиев А.А.	Жергілікті билік
14	Сарқан ауданы, Бөксенің арасында	Бір бау	14,00	Шаруафермерлік қожалығын ауыл шаруашылық мақсатында пайдалану үшін	Ақмола ауданы	3,8	қажетті	Мамыралиев А.А.	Жергілікті билік
15	Сарқан ауданы, Бөксенің арасында	Бір бау	4,00	Шаруафермерлік қожалығын ауыл шаруашылық мақсатында пайдалану үшін	Ақмола ауданы	3,8	қажетті	Мамыралиев А.А.	Жергілікті билік
16	Сарқан ауданы, Бөксенің арасында	Бір бау	10,00	Шаруафермерлік қожалығын ауыл шаруашылық мақсатында пайдалану үшін	Ақмола ауданы	2,8	қажетті	Мамыралиев А.А.	Жергілікті билік
17	Сарқан ауданы, Бөксенің арасында	Бір бау	10,00	Шаруафермерлік қожалығын ауыл шаруашылық мақсатында пайдалану үшін	Ақмола ауданы	3,8	қажетті	Мамыралиев А.А.	Жергілікті билік

Извещение о проведении конкурса по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственноно производства

Сарканский районный акимат в соответствии со статьей 43-1 Земельного Кодекса Республики Казахстан и Приказа № 518 от 20 декабря 2018 года Заместителя Премьер-министра Республики Казахстан - Министр сельского хозяйства Республики Казахстан «Об утверждении Правил организации и проведения конкурса по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства», в районной газете «Саркан» и интернет-ресурсе Акимата Сарканского района объявляет о проведения конкурса по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственноно производства.

Заявки на участие в конкурсе (конкурсная документация) будут приниматься по истечении 15 календарных дней после публикации, в течении 10 рабочих дней; с 31 марта по 11 апреля, по адресу: (область Жетісу, Сарканский район, г. Саркан, улица Тынышбаева №8), в кабинете отдела сельского хозяйства и земельных отношений Сарканского района.

Прием заявок на участие в конкурсе (конкурсная документация) заканчивается: 11 апреля 2025 года, в 18 часов 30 минут.

Вскрытия конвертов с конкурсной документацией будет проведена 14 апреля 2025 года в 10 часов 00 минут (область Жетісу, Сарканский район, г. Саркан, улица Тауелсіздік №111) в большом зале районного акимата. Заявка на участие в конкурсе по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства должна содержать: для негосударственных юридических лиц Республики Казахстан – наименование юридического лица, его место нахождения, сведения о государственной регистрации (перерегистрации) в качестве юридического лица, сведения о руководителях и участниках или акционерах заявителя – юридического лица с указанием размера их доли в уставном капитале (от общего размера уставного капитала), сведения об акционированных лицах заявителя; для физических лиц – фамилию, имя и отчество (если оно указано в документе, удостоверяющем личность) заявителя, место жительства, гражданство, индивидуальный идентификационный номер, сведения о документе, удостоверяющем личность заявителя; местоположение земельного участка, на который претендует заявитель; конкурсное предложение; обязательства по заключению договора временного возмездного землепользования (аренды) земельного участка сельскохозяйственного назначения для ведения крестьянского или фермерского хозяйства либо сельскохозяйственного производства в течение трех рабочих дней со дня получения уведомления о необходимости подписания указанного договора в случае признания заявителя победителем конкурса по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства.

Заявку на участие в конкурсе по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственноно производства могут представлять уполномоченные представители физического лица или негосударственного юридического лица Республики Казахстан на основании доверенности, выданной и оформленной в соответствии с законодательством Республики Казахстан.

Конкурсное предложение должно содержать: бизнес-план (прогнозный объем инвестиций, площади возделывания сельскохозяйственных культур, поголовье сельскохозяйственных животных, применяемые агротехнологии, наличие сельскохозяйственной техники и технологического оборудования, квалифицированных специалистов в области сельского хозяйства, количество создаваемых рабочих мест); обязательства по составлению и освоению проекта внутрихозяйственного землеустройства, выполнению мероприятий по развитию сельскохозяйственной инфраструктуры; обязательства по исполнению требований земельного законодательства Республики Казахстан, включая правила рационального использования земель сельскохозяйственного назначения, выполнению индикативных показателей по диверсификации структуры посевных площадей сельскохозяйственных культур в соответствии со специализацией региона, соблюдению научно обоснованных агротехнологий, фитосанитарных и карантинных требований.

Конкурсное предложение представляется в закрытом конверте в прошитом виде с пронумерованными страницами, за исключением случаев его подачи посредством веб-портала "электронного правительства".

Обязательства и бизнес-план, предложенные заявителем в конкурсном предложении, являются неотъемлемой частью договора временного возмездного землепользования (аренды) земельного участка сельскохозяйственного назначения для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства.

В заявке и на конкурсном предложении не должно быть никаких вставок между строками, подтирок или приписок, за исключением тех случаев, когда участнику необходимо исправить грамматические или арифметические ошибки.

В закрытом конверте конкурсному предложению указывается надпись "Конкурс по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства" и "Не вскрывать до: " ____ " ____ года" (указывается точная дата).

Для получения дополнительной информации и запроса звоните 8 (72839) 2-17-93, 2-16-72 (районное управление земельных отношений).

Отдел сельского хозяйства и земельных отношений Сарканского района.

ҚАЗСЕЛДЕНҚОРҒАУ ЕСКЕРТЕДІ!

Су тасқыны негізінен келесі себептерден туындайды: - қатты немесе ұзаққа созылған жауын-шашын, қар мен мұз кептелісінің тез еруі; - теңізден жағаға және өзендер сағасына қатты жел немесе толқынмен судың ағуы; - табиғи себептер бойынша да, адамның кінәсінен де дам-балар мен су қоймаларының серпінділігі.

Мұзды кептелістер мен өзендердің жоғарғы ағысындағы топырақ көпірлері су тасқыны кезінде бірден пайда болады. Басқа жағдайларда су тасқыны қауіпіне дер кезінде ден қоюға мүмкіндік беретін уақыт резерві бар. Сондай-ақ гидрологиялық болжамдарға назар аудару керек.

Су басу аймағындағы әрекеттер. Егер сіз өзіңізді су басу аймағында тапсаңыз, сіз үйдегі газды, электр қуатын және суды өшіріңіз; жылыту пештерін сөндіру; үйдің құнды заттарын ғимараттың жоғарғы қабаттарына немесе шатырларға өткізуге; үйдің бірінші қабаттарының терезелері мен есіктерін әйнектің сынуына және үйге құбылмалы қоқыстың енуіне жол бермеу үшін қатталармен немесе фанерамен жабу; Үй жануарлары орналасқан сарайдағы есіктердегі ысырмаларды ашыңыз.

Кенеттен су тасқыны болған кезде, өзіңізбен бірге жылы және жақсырақ су өткізбейтін киімді, көрпе, тамақ, т.с. алып, рельефтің бұрын-соңды су баспаған белгілі биік жерлерге шығыңыз. Егер олар жоқ болса, сіз қайық пен басқа да мінсіз

жүзу құралдарын жүзуге дайындауыңыз керек.

Суды төгіп болғаннан кейін, электр сымдарының жырытылуына, бұзылған газ желілеріне назар аударыңыз. Үйге кірер алдында оның құрылымы су элементінің соққыларының астында босап қалмағанына көз жеткізу керек. Суда табылған тағамды қолдануға болмайды.

Сел қауіпі, сел қауіпінің белгілері. Сел ағындары - бұл жекелеген біліктерде қозғалатын, таулы рельефке тән су мен борпылдақ қоспалардан тұратын қысқа мерзімді балшық тас ағындары. Олар морена көлдерінің серпінділігі, еріген қардан судың толып кетуі және мұздықтардың сулануы, қатты және тұрақты жауын-шашын, сондай-ақ жер сілкінісі кезінде пайда болады.

Қазақстанның таулы аймақтарында селдің пайда болуы жылы маусымда мүмкін (мамыр - қыркүйек). Селдің биіктігі 10-20 метрге жетуі мүмкін (кейбір жағдайларда 40-50 метрге дейін), ағынның жылдамдығы 3-5 және одан көп м / с (кейбір жағдайларда 15-20 м / с дейін) болады. Селдің жолында тірі қалу іс жүзінде мүмкін емес, сондықтан сел

қауіпінің алдын-алу өте маңызды.

Сел қауіпінің белгілері: сел қауіпті бассейнде қатты нөсер; сел қауіпті өзендердің жоғарғы ағысында ауа температурасының күрт және ұзаққа көтерілуі, тау көлдерінің толып кетуіне әкеліп соқтырады және олардың басталу қаупін тудырады; көлдегі су деңгейінің күрт төмендеуі немесе оның бетінде кратерлердің пайда болуы, бұл көлдің линтельінің (дамбаның) серпілісін білдіреді; көл сілемі (дамба) бұзылуына әкеледі.

Селдің жақын және жақын болу қаупінің белгілері: су тасқыны арнасындағы судың тоқтауы немесе күрт төмендеуі, бұл морена-мұздық кешенінде судың жиналуын көрсетеді; селдің жоғарғы каналында дауылдың пайда болуы; сел тасымен болған тастардың әсерінен топырақты дірілдету; сел тасқынының білігінің алдында соққы толқынынан пайда болған балшық шаңының пайда болуы; су тасқынына дейінгі қорғасынның пайда болуы, судың бұлдырлығы жоғарылауымен сипатталады.

Сел қауіпті жерлерде өзін қалай ұстау керек: таудағы жағдай туралы

бұқаралық ақпарат құралдарының хабарларын үнемі қадағалап отыру; егер қауіпті бассейннің жоғарғы ағысында қатты жауын-шашын болса, сел қауіпті арнасын қалдырыңыз; қозғалатын селге 50-70 м-ден жақындамаңыз; тік жартастар мен тік беткейлердің жанында тоқтамаңыз, өйткені сел жүру кезінде дірілдеу нәтижесінде құлау немесе таулар пайда болуы мүмкін; сел тасқыны арналарымен адамдар арасында кемінде 20-30 метр аралықпен жүру; демалуға тоқтамаңыз және сел қауіпті каналдардың жанында, көл көпірлерінде (бөгеттерде) және олардың астында лагерьлер құрмаңыз; егер сел жүру белгілері байқалса, мүмкіндігінше арнадан тау баурайына дейін алыс жүріңіз; Селдің өзегінен өткеннен кейін сел арнасына түсіп кетпеңіз; арнадан түсіп жатқан кезде және әсіресе сел жүретін учаскелерде және шұңқырларда қатты абай болыңыз; Морена-мұздық кешенінде болуға және сел жүру қаупі жоқ немесе ауа райының теріс температурасында жақсы болған кезде жүруге кеңес беріледі; тұрақсыз жатқан қоқыстардан тұратын, сонымен қатар қозғалатын мұздық немесе көшкін нәтижесінде пайда болған көлдердің бойымен қозғалмаңыз.

**А.ТОЛЕУОВ,
ҚР ТЖМ «Қазселденқорғау» ММ
Сарқан ӨПБ басшысы.**

ОРМАН ӨРТІНЕ ЖОЛ БЕРМЕЙІК

Орманда өрт шығу себептерін сараптағанда көбінесе адамдардың өз кінәсінен болатыны анықталды. Сондықтан өрт қауіпсіздігі ережелерін үйрететін үгіт-насихат жұмыстарын тек өрт сөндіру қызметкерлері ғана емес, олармен қатар қоғамдық мекемелер де жүргізуі тиіс.

Орман шаруашылығының жұмысында өрт қауіпсіздігі – бірінші кезектегі мәселе. Орман шаруашылықтарының барлығында орманды өрттен қорғау жоспары болады. Жоспарда орманның түрі, ортаның рельефі, су жолының, теміржол, автомобиль жолдарының жақындығы ескеріледі. Орман шаруашылығын өрттен қорғаудың жоспары мен сызбасы жасалады.

Жоспарда көлік жолдары, тұрғын үйлер, кардондар, өзен, көлдер, орман шаруашылығының кеңселері, өрт бақылайтын мұнаралар, хабар қабылдайтын пункттер, өрт шығу қаупі бар нысандар белгіленеді. Сонымен бірге, оған өрт қауіпсіздігі құрылымының жоспарында орманды бақылау қызметін ұйымдастыру, өрт сөндіру-бақылау құрылғыларын салу, телефон байланысының жүйесін жаңартып тұру, радиобайланыс ұйымдастыру, ерікті өрт жасақшыларын дайындау және оларды көлікпен қамтамасыз ету т.б. қызметтер кіреді.

Орман және дала өрттерінің алдын алу, оны болдырмауға бағытталған үгіт-насихат жұмыстары аудан көлеміндегі мекемелерде лекциялар, баяндамалар, аудандағы ауылдық округтер мен шаруа қожалықтарға тара-тылатын ескерту хаттар жатады. Орманға барар жолдарда, демалатын жерлерде, орман жұмыстары жүріп жатқан жерлерде аншла-г паннолар, хабарламалар арқылы өрттен сақтандырулар шаралары жасалуы қажет. Алайда осыларды орман-тоғайлы жерлер маңында демалушылар еске-ре бермейді. Әр тұрғын мұндай ескертулерге байыппен қараса, халық байлығы орманды тілсіз жау өрттен қорғауға, аман сақтауға ықпалдарын тигізетіні анық.

Орман өрттерінің болуының негізгі себептері мыналар: – сөндірілмеген шылым не сіріңке; – аңшылықтың салдары. Олар атқан оқтан бықсып шөп жанып тұтанады; – механизатор орманда өрт қауіпсіздігін сақтай бермейді. Тұтануға бейім майланған материалды тастап кетеді, техника қауіпсіздігін бұзады, көліктің жанында шылым шегеді және т.б.; – орман ішінде болған демалушылар, ауыл шаруашылығының жұмысшылары кепкен шөп, кесілген ағаш қалдықтары бар жерлерге от жағады; – орман қоры жерлеріне жақын жерлердегі егістің орнын өртейді; – күннің сәулесі мол түсетін жерлерге шынының сынығын тастап кетеді. Ал ол жандырғыш линза тәрізді күн сәулесінен қуат алып құрғақ шөптерді тұтандырады;

Орман өртін сөндіру оңай шаруа емес. Сондықтан оған жол бермеудің алғы шарттарын қатаң сақтау қажет.

Құрметті аудан тұрғындары, өрттің тілсіз жау екенін және өрт болған жерде көптеген шығындар келтіретіні бәрімізге де белгілі. Осыған орай көктем, күз мезгілдері өртке өте қолайлы уақыт.

Орман-тоғайларда өрт орын алса оңайлықпен сөнбейді, айналасындағы бірнеше метр жерге дейінгі өсімдік ағаштарын, аң-құстардың ұяларын жояды. Сонымен қатар бау - бақша егу мақсатында егістік жерлерді дайындау кезінде өрт қауіпсіздігі шараларына онша мән бермей, шөп-шалаңды бей-берекет жағудың арты орман-тоғай өртіне ай-налып кетуі мүмкін.

Сол себепті табиғат берген байлықты сақтап, орман қорын қорғап, өсімін молайтуға көпшілік болып атсалысуымыз керек. Орман-тоғай өрттері орын алған жағдайда 101, немесе 2-14-32, 2-10-15 телефонына хабарласыңыздар.

**А. ДУЛАТОВ,
Берлітөбе ОШКММ-нің І-типті ОӘСС-ның басшысы.**

•101 ескертеді

САРҚАН АУДАНЫ ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАР БӨЛІМІ БАСШЫЛЫҒЫНЫҢ 2025 ЖЫЛҒЫ І ТОҚСАНДА АЗАМАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

Орган атауы	Қабылдау жүргізетін тұлғаның Т.А.Ә.	Қабылдау жүргізетін тұлғаның лауазымы	Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты	Органның орналасқан жері	Байланыс телефоны
Сарқан ауданы Төтенше жағдайлар бөлімі	Елдар Желісбекұлы Түреунов	Бөлім бастығы	дүйсенбі сағ. 15.00-17.00 жұма сағ. 10.00-12.30	Сарқан қаласы, М. Әуезов көшесі 41	8 /72839/ 2-24-43
Сарқан ауданы Төтенше жағдайлар бөлімі	Ришат Рафаильевич Ахмаров	Бөлімнің бас маманы	сәрсенбі сағ. 15.00-18.00 бейсенбі сағ. 10.00-12.30	Сарқан қаласы, М. Әуезов көшесі 41	8 /72839/ 2-24-43
Сарқан ауданы №12-Өрт сөндіру бөлімі	Қуаныш Қуатбекұлы Қуанышеков	№12 - Өрт сөндіру бөлімінің бастығы	сейсенбі сағ. 15.00-18.00 бейсенбі сағ. 10.00-12.30	Сарқан қаласы, М. Әуезов көшесі 41	8 /72839/ 2-15-65

Сенім телефоны: 8 /72839/ 2-24-43

**Е.ТУРСУНОВ,
Сарқан ауданы ТЖБ бастығы, азаматтық қорғау подполковнигі.**

Қауіпсіздік ережелері: Өрт шыққанда не істеу керек?

Тілсіз келіп, тұтқиылдан тап беретін жаулардың бірі - өрт. Соңғы кезде өрт қауіпсіздік шараларын сақтамау салдарынан өрт жағдайлары жиілеп отыр.

Өрт шыққанын білгенде: - Өрттің ауқымы кішкентай болса, крандағы сумен, болмаса қалың дымқыл матамен өшіруге тырысыңыз; - Өрт ауқымды болса, 101 нөміріне хабарласып, өрт шыққан мекен-жайды, ненің қалай жанып жатқанын айтыңыз. Өзіңіздің атыңыз бен нөміріңізді де беріңіз. Ол өрт сөндірушілерді күтіп алып, өрт ошағына жедел апаруға керек. “Менен де басқалар хабарласқан шығар” деп отыруға болмайды; - Ғимараттағы барлық тоқ көздерін ажыратып, газ құбырларын жабыңыз; - Далаға шығу жолдарында от болмаса, тез арада ғимаратты тастап шығыңыз; - Өрт шыққан аумақтан өту үшін синтетикалық киімдерді шешіп, орнына жүн немесе мақтадан тігілген киім кию керек. Киімдерді сулап, басыңызға ішік, жейде, орамал сынды қалың дымқыл жамылғы жабыңыз. Дәл осылай мұрныңыз бен ауызыңызды да жабу керек. Ол түтіннен уланып қалудың алдын алады, түтіннің арасынан еңкейіп, тізерлеп немесе бүк түсіп өту керек; - Ауыз-мұрныңызды дымқыл матамен жауып, пәтердегі барлық адамдарды балконға алып шығыңыз. Балкон болмаған жағдайда, терезені ашып, сырттағыларға белгі беріңіз. Олардың сізді естігеніне сенімді болсаңыз, барлық адамдарды алып, жуыну бөлмесіне кіріп, есігін ішінен мықтап жабыңыз. Ол жерде суды ағызып, үстілеріңіздегі барлық киімді сулау керек. Сол жерде көмек күтіңіз;

Не істеуге болмайды: - Киіміңізге от тигенде жүгірмеңіз. Ол оттың одан сайын өршуіне әкеледі. Егер жаныңыздағы адамның киімі жанып жатса, оны өшіру үшін үстіне дымқыл мата жабыңыз; - Терезелерді ашып, түтінді шығаруға болмайды. Таза ауа отты өршітеді; - Лифтті қолданбаңыз. Өрт кезінде электр тоқтары өшірілетін болғандықтан, лифт кез келген жерде тоқтап қалуы мүмкін;

Зардап шеккендерге алғашқы көмек: - 103 нөміріне хабарласып, жедел жәрдем шақырыңыз; - Өте үлкен күйікке шалдыққан адамды үлкен матаға немесе төсек жаймасына орап, ыстық сусын беріп, жылылау керек; - Түтінге уланған адамды таза ауаға алып шығу қажет.

Өрттің алдын алу үшін: - Электр тоғы мен газ құбырларын үнемі тексеріңіз. Қандай да бір ақау барын байқасаңыз, бірден арнайы мамандарға хабарласыңыз; - Өрт сөндіргішті қолданып үйреніңіз және оны отбасыңыздың мүшелеріне де көрсетіңіз; - От жағуға арналған сіріңке, оттықтарды балалардың қолы жетпейтін жерге қойыңыз; - Балаларыңызға Төтенше жағдайлар жөніндегі қызметтің нөмірлерін жаттатыңыз: Өрт сөндірушілер – 101; Полиция – 102; Жедел жәрдем – 103; Қауіпсіздік ережелерін сақтау – өміріңізді сақтап қалудың бірден-бір жолы!

**Е.ЖАПАРҒАЛИ,
Сарқан ауданының ТЖБ аға анықтаушысы, азаматтық қорғау аға лейтенанты.**

Неделя русского языка и литературы

Величайшее богатство народа – его язык!
Тысячелетиями накапливаются и вечно живут в слове несметные сокровища человеческой мысли и опыта.

М.А. ШОЛОХОВ

Современная школа - центр воспитания успешной личности. Предметные недели, традиционно проводящиеся в школе, во многом способствуют развитию творческих интересов ученика, расширяют его кругозор, позволяют порой по-новому взглянуть на знакомый предмет. Кроме того предметная неделя – это прекрасная возможность для ученика заявить о себе и даже определить свой дальнейший профиль обучения. В воспитательном плане – это возможность сотрудничества, сотрудничества ученика и педагога. Уроки русского языка и литературы, а также и внеурочная деятельность, призваны учить добру, истине, красоте и любви. Разные методы и формы работы помогают раскрывать творческие способности детей, будить в них потребность саморазвития и самопознания, приближать их к новому витку мышления, к выполнению исследовательских заданий, творческих работ. А ведь каждый ученик – кладовая возможностей и талантов.

В нашей школе прошла Неделя русского языка и литературы. Предметная неделя является одним из видов внеклассной работы по предмету. При проведении Недели учителя-предметники учитывали возрастные особенности школьников, их интересы и пожелания, индивидуальные склонности и способности, старались использовать разные формы и методы учебной деятельности. Для активизации мыслительной деятельности на мероприятиях использовались игры, конкурсы с применением ИКТ. Она стала хорошей возможностью продемонстрировать умение, мастерство не только школьникам, но и их наставникам.

Для учащихся 5-6-х классов был проведен брейн-ринг «Знатоки русского языка». Ребята играли с азартом, показали хорошее знание русского языка. Учащиеся 7-11 классов приняли участия в конкурсе чтецов «130 летию со дня рождения Сергея Есенина». Учащиеся 9 класса провели тренировочное устное собеседование. Тотальный диктант был организован для 7-10 классов.

Готовясь к Неделе, учителя русского языка и литературы старались использовать новые интересные формы организации и проведения мероприятий. Это был праздник длиною в целую неделю. Участие в мероприятиях приняли все классы школы. Неделя русского языка и литературы - это прекрасная возможность развивать интерес и воспитывать потребность изучать русский язык.

Айзере ИКЕН,

ученица 6 «Б» класса средней школы имени М.Жумабаева.



Сен туған күн, мерекеңмен!

Сарқан қаласының тұрғыны, ұрпақтарына аяулы ана, немерелеріне қамқор әже **Қиысбаева Сара Жұмағалиқызын** 16 наурыз күні 65 жасқа толатын туған күнімен құттықтаймыз. Ана – мейірім мен махаббаттың, даналық пен қамқорлықтың үлгісі. Оның қолдауы мен жылуы біз үшін өмірдің негізгі тірегі. Мына әлемнің жарығын сыйлап қабағымызға қарайтын, біздерді өмірлік бақытына балайтын құшағынан тек мейірім тарайтын жан анамызға қандай тілек айтсақ та артық емес.

Өмір жолыңызда көптеген жетістіктерге жетіп, көп жылдар бойы адамдарға жақсы үлгі болып келе жатқан сізге зор денсаулық, ұзақ та бақытты өмір тілеймін. Әрбір күніңіз қуанышқа, жаңа мүмкіндіктер мен жарқын сәттерге толы болсын. Барлық мақсаттарыңыз бен армандарыңыз орындала берсін! Құттықтай отырып, сізге қуаныш, береке, молшылық пен жақсы көңіл-күй тілейміз!



Ізгі тілекпен: ұл-келіні, қыздары-күйеубалалары, немерелері, жиендері.



Ұзақ жылдар Сарқан көпсалалы колледжінде табанды еңбек еткен, қазіргі күні зейнет жасына жеткен **Утебаева Жанат Сейлханқызын** осынау қуанышымен шын жүректен құттықтаймыз! Зейнетке шыққаныңыз – тек демалыс емес, өмір жолының жаңа парақтары, жаңа мүмкіндіктерге жол ашатын кезең деп біліңіз. Әрбір жыл сіздің тәжірибеңіз бен біліміңізді байытты, ал әрбір күніңіз жақсылық, қуаныш пен махаббатқа толы болды. Және бұдан былай да ғұмырыңыз мәнді де мағыналы болсын деген ұжымдық ақ тілегімізді қабыл алғайсыз.

Сізге ұзақ ғұмыр, зор денсаулық, бақыт пен тыныштық тілеймін! Әр күніңіз мереке, әр сәтіңіз қуанышқа толы болсын. Сіздің жүрегіңіздегі жылу мен мейірім ең жақын жандарыңызға жарық болсын!

Құрметті Жанат Сейлханқызы, осынау зор қуанышыңызбен тағы да құттықтай отыра зейнет демалысыңыздың әр күні шалқыған шаттыққа, ұл-қыздарыңыздың ортасында бақытқа толсын! Өмір жолыңыз ұзақ болып, көрген бейнетіңіздің зейнеті жүз есе, мың есе болып денсаулық, бақыт, байлық алып келсін! Жапырағын жайған мәуелі бәйтеректей ғұмыр тілейміз!

Ізгі тілекпен: Сарқан көпсалалы колледжінің ұжымы.

Сарқан ауданы бойынша 2025 жылы жеке және заңды тұлғалардың ауыл шаруашылығы және арнайы техникаларын (машиналарын) жыл сайынғы техникалық байқаудан өткізу туралы жұмыс кестесі

№	Ауылдық округтер	Техникалық байқау өткізілім орны	Жыл сайынғы техникалық байқаудан өткізу уақыты	Жыл сайынғы техникалық байқаудан өткізу уақыты	Ескерту
1	Алматы ауылдық округі	Алматы. Абай ауылдары	13.03.25 ж. сәт: 09:00-18:30 14.03.25 ж. сәт: 09:00-18:30	14.03.25 ж. сәт: 18:30	
2	Амалы ауылдық округі	Центрлік, Қарашығай, Көкжар ауылдары	17.03.25 ж. сәт: 09:00-18:30 18.03.25 ж. сәт: 09:00-18:30	18.03.25 ж. сәт: 18:30	
3	Бакалы ауылдық округі	Бакалы ауылы	19.03.25 ж. сәт: 09:00-18:30	19.03.25 ж. сәт: 18:30	
4	Койық ауылдық округі	Койық ауылы	20.03.25 ж. сәт: 09:00-18:30	20.03.25 ж. сәт: 18:30	
5	Қарашығай ауылдық округі	Қарашығай ауылы	26.03.25 ж. сәт: 09:00-18:30	26.03.25 ж. сәт: 18:30	
6	Сарқан қалалық округі	Сарқан қаласы. Бірік ауылы	27.03.25 ж. сәт: 09:00-18:30	27.03.25 ж. сәт: 18:30	
7	Черкасск ауылдық округі	Черкасск, Қарғалы, Петропавловка ауылдары	31.03.25 ж. сәт: 09:00-18:30 01.04.25 ж. сәт: 09:00-18:30	01.04.25 ж. сәт: 18:30	
8	Шатырбай ауылдық округі	Шатырбай ауылы	02.04.25 ж. сәт: 09:00-18:30	02.04.25 ж. сәт: 18:30	
9	Екіаша ауылдық округі	Екіаша, Тополовка ауылдары	03.04.25 ж. сәт: 09:00-18:30	03.04.25 ж. сәт: 18:30	
10	Аманбектер ауылдық округі	Аманбектер ауылы	07.04.25 ж. сәт: 09:00-18:30	07.04.25 ж. сәт: 18:30	

Қосымша сұрақтар бойынша 8 777 826 1984 Бөдесова Зәмзәгүлден біле аласыздар.

Аудандық ауыл шаруашылығы мен жер қатынастары бөлімі.

Хабарландыру/Объявление

► **ПРОДАЕТСЯ ДОМ** по адресу г.Сарқан, ул. Тауелсіздік 247 с общей площадью 400 кв.м. с земельным участком 22 соток. Имеется баня, гараж, сеновал. Вода и канализация центральное, туалет в доме и на улице. Цена 15 млн., возможен обмен на 3-х или 4-х комнатные квартиры в г.Талдыкорган. **Обращаться по тел: 8 776 737 05 48, 8 775 692 27 26.**

► **Сағиндыкова Джумаханның** атына тіркелген Сарқан ауданы, Алмалы ауылдық округі, Жансүгіров көшесі № 23 үйдің (кадастрлық нөмірі 24-263-035-307) уақытша (ұзақ мерзімді, қысқа мерзімді) өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беретін мемлекеттік тіркеу актісі жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.



Жуырда Лепсі ауылдық кітапханасында Алғыс айту күніне арналған "Жүректен шыққан алғыс" атты игі шара ұйымдастырылды. Бұл мереке – адамдардың бір-біріне ризашылығын білдіріп, ізгілік пен мейірімділікті дәріптейтін күн.

Шара барысында ауылымыздың өркендеуіне өз үлесін қосып жүрген мекеме қызметкерлеріне арнайы алғыс хаттар табыстадық. Бұл хаттар тек қағаз бетіне түскен сөздер ғана емес, ауыл тұрғындарының шынайы ризашылығы мен жүрекжарды тілектерін жеткізетін естелік болды.

Кітапхана ұжымы ауылдағы түрлі салада еңбек етіп жүрген азаматтарға – мұғалімдерге, медицина қызметкерлеріне, тазалықшыларға, коммуналдық қызметкерлерге, әкімдік мамандарына және тағы басқа ауылымыздың көркеюіне үлес қосып жүрген жандарға ризашылығын білдіріп, олардың еңбегін ерекше атап өтті.

"Алғыс – ізгіліктің белгісі" демекші, бұл шара ауыл тұрғындары арасында жылы әсер қалдырып, бір-біріне деген құрмет пен ризашылық сезімдерін арттырды. Осындай ізгі шаралар қоғамымыздың бірлігін нығайтып, мейірімділік пен жақсылыққа бастайтыны сөзсіз.

А.МҰҚАШЕВА,

Лепсі ауылдық кітапханасының кітапханашысы.

SARQAN

Құрылтайшысы:
"Сарқан газеті" ЖШС директоры
ИГІМАН Жомарт Мақатұлы

Бас редактор:
ЖЕҢІСХАН ПАРТИЯ

Меншік иесі: "Сарқан газеті" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Газет Қазақстан Республикасы ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде 2019 жылғы 30 қазанда тіркеліп, №KZ46VPY00016564 куәлігі берілген.

Редакцияның мекен-жайы:
041500 Сарқан қаласы Тәуелсіздік көшесі, 117
Телефон: 2-20-47, 2-23-53
e-mail:
lgiman01@mail.ru

Таралымы: 3017
Осы шығарылымның таралымы: 3017
Газет индексі: 35202,15202
Офсеттік басылым 1 баспа табақ
Газет аптасына бір рет жұма күні қазақ және орыс тілдерінде шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мәтініне жарнама беруші жауапты.

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.

Газет «Ербол - Али» ЖШС баспаханасында (Тәуелсіздік, 108) басылады.